

# ЗАН

№8 | 2024



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ,  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
ЮРИДИЧЕСКИЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ

ZANMEDIA.KZ



**Айжан МЫРЗАЛЫ, РАЙЫМБЕК  
АУДАНДЫҚ СОТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ:**

**АДАЛДЫҚ —  
АДАМДЫҚТЫҢ  
БЕЛГІСІ**

# ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№8 | 2024

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің  
төрағасы - директор

**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

**АХПАНОВ А.,**

д.ю.н., профессор

**АЙТХОЖИН К.К.,**

д.ю.н., профессор

**ӘБДІРАСҰЛОВ Е.,**

з.ғ.д., профессор

**БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.**

профессор (Қырғызстан)

**МАУЛЕНОВ К.,**

д.ю.н., профессор

**СӘБИКЕНОВ С.,**

з.ғ.д., профессор

**ДОСАЛИЕВ Қ.**

з.ғ.д., профессор

**ШУМИЛОВ В.,**

д.ю.н., профессор,

заведующий кафедрой  
Всероссийской Академии  
внешней торговли

**РЕДАКТОРЫ**

Түймегүл ИБАШЕВА

## М А З М Ұ Н Ы

Адалдық – адамдықтың белгісі

**Т. СМАҒҰЛҚЫЗЫ** ..... 3

Уголовно-правовые оценки, связанные с хищением

**Б. ГАЛИЕВ** ..... 7

Атқарушылық жазбаның күшін жоюдағы сот практикасы

**С.МЕҢЛІБЕК**..... 11

Санасы өзгермегенді жаза өзгерте алмайды

**Н. ҚАРАБАЕВ** ..... 14

Жеке сот орындаушылар әрекетіне дау айту мәселелері

**М. ТОҒЫЗБАЕВА**..... 17

Эксаумақтық соттылық сенімді арттырады

**П. САФАРБАЕВА**..... 22

Исправить оступившихся

**Ж. ЕНСЕБАЕВА**..... 24

Оформление аварии по Европротоколу

**А. БИСЕНАЛИНА**..... 26

Мемлекет кірісіне өндіру шаралары

**А. ЖАЛИНОВА**..... 28

Жекеше айыптау бойынша іс жүргізу ерекшеліктері

**Ғ. НҰРЛЫҚҰЛОВ**..... 30

Әрбір істе түрлі тағдыр бар

**Ә. УТЕНОВ** ..... 34

Реализация арестованного имущества

**А. ШАКИРОВА** ..... 37

Особенности судопроизводства в США

**К. ЕСИБАЕВ** ..... 40

# АДАЛДЫҚ – АДАМДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ БИ-  
ШЕШЕНГЕ ӘРҚАШАН  
ДА БАЙ БОЛҒАН.  
ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ  
СУДЬЯЛАРЫ  
«ТУРА БИДЕ ТУҒАН  
ЖОҚТЫҒЫН» ТУ ЕТКЕН  
ДАНА БИЛЕРДІҢ  
ЖАЛҒАСЫ ДЕСЕК,  
ОСЫНАУ ҚИЫН ДА,  
КҮРДЕЛІ ЖОЛДА  
ТӨРЕЛІК ЖАСАП  
ЖҮРГЕН ҚАЗАҚ

ӘЙЕЛДЕРІ ЖЕТЕРЛІК. СОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА АЙЖАН  
АМАНДЫҚҚЫЗЫ ДА БАР. ОНЫҢ СУДЬЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ  
АБЫРОЙМЕН АТҚАРЫП ЖҮРГЕНІНЕ БИЫЛ ОН ЖЫЛ. ОСЫ  
ЖЫЛДАР ІШІНДЕ ТАЛАЙ СЫННАН ӨТІП, ТАЛАЙ БЕЛЕСТІ  
БАҒЫНДЫРҒАН АЙЖАН МЫРЗАЛЫНЫҢ ЕЛ СОТЫНЫҢ ӨСІП-  
ӨРКЕНДЕУІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ЗОР.



**А**йжан Мырзалы Қызылорда қаласында туып-өсті, отбасының тұңғышы. Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік Заң университетін бітірген маманның алғашқы еңбек жолы Қызылорда қалалық сотында жетекші-маман, содан кейін сот отырысының хатшылығынан басталды. Заңгерлік білім-білігін сотта шыңдаған заңгер бұдан кейінгі қызметін адвокатурада жалғастырды.

Сот пен адвокатура саласында мол тәжірибе жинап, өзінің кәсібилігін арттырған Айжан Амандыққызы 2014 жылдың тамыз айында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қостанай облысының Арқалық қалалық сотына судья болып тағайындалды. Осы қаладан басталған судьялық жолы Орал қаласында жалғасты. Бүгінде ол Алматы облысы Райымбек аудандық сотының төрағасы.

Өз ісіне адал, кәсіби тұрғыда кемел судья қызметіндегі мінсіз еңбегі мен қоғамдық жұмыстардағы белсенділігі үшін соттар қауымының арасында беделді марапат саналатын «Жеті жарғы» төсбелгісін иеленді.

## ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

Қай жерде қызмет етсе де өзін кәсіби маман ретінде таныта білген Айжан Амандыққызының мақсаты бала кезінен айқын болды. Оған судьяның «Шынын айтсам, мектепте жүргенде заң факультетінен басқа оқуды ойлаған да емеспін» деген сөзі дәлел.

Студенттік шақты Алматыда өткізу әрбір адамның арманы. Бұл арман бала Айжанды да айналып өтпеді. Мектепті үздік бітіріп, өзге құрдастары секілді Алматыға жол тартты. Сол кездері халқымыздың қалаулы ұлы, саяси қайраткер, әрі заңгер Нағашыбай Шайкенов ректор болған – Қазақ мемлекеттік Заң университеті Қазақстанда заңгерлер дайындайтын мықты жоғары оқу орны болды. Арманы биік, мақсаты айқын жасқа осы университетте білім алу бақыты бұйырды.

Алға қойған мақсатына жету жолында бар күш-жігерін аямайтын тумысынан еңбекқор Айжан университетті үздік дипломмен аяқтады. Әрбір адамның қызметте өсіп, қандайда бір жетістікке жеткісі келетіні өмір заңдылығы. Ал заңгерліктің биік шыңы – судьялық. Сот, адвокатура салаларының қыр-сырына қаныққан заңгер судьялық конкурста қатысып, бағын сынады.

Жоғарыда айтқанымыздай, төккен тер, еткен еңбек ақталып судья болды. Қызылорда мен Арқалықтың айырмашылығы қай жағынан алғанда да жер мен көктей. Ара қашықтығы бар, ауа райы да мүлде бөлек. Алайда, батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Жер бетіндегі ең батыр адам, ол – қыз». Айжан да қазақтың сондай батыр қыздарының бірі. Ара қашықтық пен көшіп-қонудағы қиындықтарға қарамай қызмет бабымен Арқалық қаласына қоныс аударды.

Жоғарыда айтқанымыздай, төккен тер, еткен еңбек ақталып судья болды. Қызылорда мен Арқалықтың айырмашылығы қай жағынан алғанда да жер мен көктей. Ара қашықтығы бар, ауа райы да мүлде бөлек. Алайда, батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Жер бетіндегі ең батыр адам, ол – қыз». Айжан да қазақтың сондай батыр қыздарының бірі. Ара қашықтық пен көшіп-қонудағы қиындықтарға қарамай қызмет бабымен Арқалық қаласына қоныс аударды.

Жоғарыда айтқанымыздай, төккен тер, еткен еңбек ақталып судья болды. Қызылорда мен Арқалықтың айырмашылығы қай жағынан алғанда да жер мен көктей. Ара қашықтығы бар, ауа райы да мүлде бөлек. Алайда, батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Жер бетіндегі ең батыр адам, ол – қыз». Айжан да қазақтың сондай батыр қыздарының бірі. Ара қашықтық пен көшіп-қонудағы қиындықтарға қарамай қызмет бабымен Арқалық қаласына қоныс аударды.



## АНА БАҚЫТЫ – БАЛАДА

Айжан Амандыққызы үнемі ізденісте жүретін адамдардың қатарынан. Содан болар ол Арқалықта абыроймен қызмет етіп, Орал қаласына ауысты. Өйткені, Арқалыққа қарағанда Орал әлдеқайда үлкен қала, халқының саны да айтарлықтай көп. Орал қалалық сотында тек қана қылмыстық істерді қарады.

Әдетте мамандар ауылдан қалаға ұмтылса, Айжан Мырзалы қайта ауданға барды. Мұның себебі, ауылдық соттарда жүктеменің аздығымен байланысты емес пе дегенімізде «Жалпы, көп адамның түсінігінде ауыл соттарында жүктеменің аздығы туралы пікір қалыптасқан. Шын мәнінде олай емес, қаладағы бір судья мен ауыл судьясының жұмысы пара-пар. Ешқандай да айырмашылық жоқ, жүктеме бірдей. Қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істердің қай-қайсысы болса да оңай емес. Адам тағдырын таразылау бір емес мың жүрекке салмақ саларлық ауыр жүк, мұны судьялар ғана біледі. Әр сот отырысының өзіндік ерекшелігі бар. Бір іс екіншісіне ұқсамайды. Екі жақтың да ауыртпалығы бірдей» деді. Судья Орал қаласынан ауылға кетуіне отбасылық жағдайының әсер еткенін жасырмады.

Қалада туып-өскен Айжан Амандыққызы үшін ауылдың жайы бөлек. Ауылдық жер балалардың жалаңаяқ жер басып, күнге күйіп өсуіне тиімді. Бабаларымыз «қандай қиындық болса да адамды баламен сынамамын» дегенді бекер айтпаған. Айжан Амандыққызы тек судья ғана емес, сонымен қатар, үш атұстардың аяулы анасы. Оралда қызмет істеп жүріп кенже ұлының денсаулығында кінәрат барын білген ол баласы үшін, тіпті, жұмыстан кетуге де бел буыпты. Алайда, ауылдың таза ауасы, ондағы табиғат ұлының денсаулығына оң әсер етерін естігенде ойланбастан аудандық сотқа баруға шешім қабылдады. Әрине, бұған дәрігерлер мен әріптестерінің ақыл-кеңесі ықпал еткенін айтқан Айжан Амандыққызының бұл кісілерге деген алғысы шексіз.

Бұл туралы ол «Судьялық қызметке арналған конкурс тізіміне қарасам Райымбек ауданы бар екен. Өзім мұны бір белгі ретінде қабылдап, батыр бабамыздың атындағы ауданды белгіледім. Бар ой-мақсатым, балама жайлы болуын тіледім. Ол уақытта қала соттарына қарағанда аудандық сотта жалақы айтарлықтай аз болатын. Бірақ, мен балам үшін қаланы да, жоғары жалақыны да тастап ауылға кеттім» деді.

Иә, Айжан Амандыққызы «Баламның табанына кірген тікен, маңдайыма кірсін» дейтін ананың



бірі. Қазіргі күні бұл шешіміне қуанбаса, өкінбейді. Өйткені, үміті ақталып, кенжесінің денсаулығында оң өзгерістер пайда болған. Ана үшін баласының денсаулығынан артық бақыт жоқтығы дәлелсіз ақиқат.

## КОДЕКС ЖОБАСЫ СУДЬЯНЫҢ СТАТУСЫН КӨЗДЕЙДІ

*«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,*

*Еңбегің мен ақылың екі жақтап»* – деп хакім Абай жырлағандай, Айжан Амандыққызы әрқашан да тек өзіне сенді. Ол судьялық қызметімен қатар қоғамдық жұмыстарға да белсене араласды. Судьялар одағы Орталық кеңесінің жұмысшы тобының мүшесі, Судьялардың әдеп кодексінің жаңа жобасын жасауға атсалысқан заңгер. Аталған кодекс жобасын дайындауға ел судьяларымен қатар, адвокаттар мен заңгерлер, депутаттар қатысқан,



сондай-ақ, Америка Құрама Штаты судьяларының пікірі тыңдалып, олардың тәжірибелері зерттелген. Кодекс жобасын жасауда отставкадағы судьялар да шет қалмаған.

Жаңа жобаның бұрынғы кодекстен қандай өзгешелігі бар екенін де сұрадық. «Судья әдеби кодексі – судьялардың кәсіби және қызметтен тыс өміріндегі мінез-құлықтарының этикалық ережелерін анықтайтын сот қауымдастығының маңызды құжаттарының бірі. Судьялар қауымдастығының маңызды құжатын жаңартып тұрудың бірнеше себебі бар. Олар – құқықтық доктриналардың, заңнаманың талаптары өзгеріп отыратыны, жаңа халықаралық стандарттардың жариялануы сияқты. Сондықтан – кодекс ережелерін қайта қарастыру қажеттілігі орынды. Жаңа жобада кодекс нормаларына сай судья өмірінің қоғамдық және жеке саласының шектерін нақтырақ айқындауға, судьяның мінез-құлық ережелерін ұстануы үшін қисынды тұжырым табуға тырыстық» деп жауап берді.

## АЗАМАТЫН АРДАҚТАҒАН СОТ

Дана халқымыз мемлекетіміздің жарқын болашағы үшін еңбек еткен аға буынды әруақытта ардақтаған. Саналы ғұмырында жүйе жұмысының дамуына өлшеусіз үлес қосып, осы өңірде 20 жылдай сот төрелігін атқарған Қанағат Қарашевқа арналып сот ғимаратының алдына мемориалдық тақта қойылған. Мұны айтып отырғанымыз, Алматы облысы соттары арасында мұндай игі істі ең бірінші Райымбек аудандық соты қолға алса, оның басында бастамашы ретінде Айжан Амандыққызы тұр. Себебі, Қанағат Қарашевтің есімін аудан халқы әлі күнге дейін құрметпен еске алады. Осылайша ауданда «Өткенге құрмет – бүгінге міндет» ұғымы ұрпақтар есінде қайта жаңғыртылды.

## ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ЖҮРЕКТЕН

«Әділ сот – туралықтың тірегі» деген сөз бар. Себебі, жұмысы адам тағдырын таразылаумен тікелей байланысты судья үшін туралықтан танбай, ақ пен қараны ажырата білуден, сол арқылы тараптардың көңілінен шығудан асқан мәртебе жоқ. Өйткені, сотқа деген сенім төрелік тура болғанда ғана қалыптаспақ. Ақиқаттың ақ жолымен жүруді ғұмырлық қағидасына айналдыруда адамнан талап етілетін қасиет жайлы Айжан Амандыққызының әңгімесі былайша өрбиді.

– Өр маманның қызметі, қарым-қабілеті әртүрлі, дегенімен, бәріміздің міндетіміз бір, ол – мемлекеттің болашағы үшін жұмыс істеу. Судьялық қызметке келген әр адам «Адал қызмет етемін» деп ант қабылдайды. Адамның адал болуы, адал қызмет етуі жүректен ғой деп ойлаймын. Адалдық – адамдықтың белгісі, «Тірлікте – амандық жақсы, істе – адалдық жақсы» дегенді халқымыз бекер айтпаған. Өмірдің өзі дәлелдеп отырғандай, адамгершілігі жоғары, білімді, білікті судьялар ғана сот мәртебесін көтеріп, әділ сотқа кепіл бола алады.

## АУЫЛДА ҚАЗАҚЫЛЫҚ БАР

Бітімгершілік институты қазаққа жат емес. Сотта ауыл халқы дау-дамайды ортақ мәмілемен бітіруге құлықты ма деген сұрағымызды да қойдық.

– Тараптар келісімге бірден келе қоймайды. Оған қанша күш-жігер, уақыт жұмсалады. Екі жақтың қол алысқаны біз үшін қуаныш. Тараптарды татуластыру біздің еңбегіміздің жемісі. Сондықтан, сотқа келгендерді мүмкіндігінше татуластырып жіберуге тырысамын. Себебі, біреуді айыптап, жазалау соттың мақсаты емес. Соттың мақсаты – екі жақтың да ризашылығы арқылы әділдік пен заңдылықты орнату.

Бұл тұрғыда Райымбек ауданының тұрғындарына ризамын, сөзге тоқтайды. Қанша дегенмен ауылда қазақылық бар. Бабаларымыз айтқандай, ауылдықтар кеңесті жерде кемдік, кеңессіз жерде теңдік жоғын жақсы түсінеді.

Дайындаған  
Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ

# УГОЛОВНО-ПРАВОВЫЕ ОЦЕНКИ, СВЯЗАННЫЕ С ХИЩЕНИЕМ



**Галиев Бахыт БАЙСЕКЕНОВИЧ,**  
профессор кафедры права  
Костанайского филиала ЧелГУ,  
кандидат юридических наук,  
доцент, полковник юстиции  
в отставке

ЕСЛИ ИСХОДИТЬ ИЗ СОВРЕМЕННЫХ ПРЕДСТАВЛЕНИЙ О СИСТЕМЕ СОЦИАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ, ТО ПРАВО СОБСТВЕННОСТИ РАСЦЕНИВАЕТСЯ КАК ОДНО ИЗ ВАЖНЫХ СОЦИАЛЬНЫХ БЛАГ ЛИЧНОСТИ. В ДОКТРИНЕ УГОЛОВНОГО ПРАВА ДОМИНИРУЮЩЕЙ ЯВЛЯЕТСЯ ТОЧКА ЗРЕНИЯ, В СООТВЕТСТВИИ С КОТОРОЙ, ПРИ СОВЕРШЕНИИ ХИЩЕНИЙ СОБСТВЕННОСТЬ ВЫСТУПАЕТ В РОЛИ ОБЪЕКТА ПРЕСТУПЛЕНИЯ, В СИЛУ ЧЕГО ХИЩЕНИЕ РАССМАТРИВАЕТСЯ ВСЕГДА КАК ИМУЩЕСТВЕННОЕ ПРЕСТУПЛЕНИЕ. СООТВЕТСТВЕННО, ПРЕДМЕТОМ ПРЕСТУПЛЕНИЙ ПРОТИВ СОБСТВЕННОСТИ ЯВЛЯЕТСЯ ИМУЩЕСТВО, ТО ЕСТЬ, КОНКРЕТНЫЕ ВЕЩИ И ПРЕДМЕТЫ МАТЕРИАЛЬНОГО МИРА, КОТОРЫЕ ИМЕЮТ ФИЗИЧЕСКУЮ ФОРМУ.

**И**з сказанного выше следовал вывод, что не являются предметом хищения интеллектуальная собственность, компьютерная информация, тепловая и электрическая энергия, поскольку они лишены вещной формы. Согласно существующего положения вещей, о хищении интеллектуальной собственности можно было говорить лишь в специальном смысле, имея в виду плагиат (ст. 198 УК Республики Казахстан (далее УК РК) – нарушение авторских и (или) смежных прав; ст. 199 УК РК – нарушение прав на изобретения, полезные модели, промышленные образцы, селекционные достижения или топологии интегральных микросхем; неправомерное завладение информацией – ст. 208 УК РК[1].

Что касается незаконного самовольного использования в корыстных целях тепловой и электрической энергии, то эти деяния могли образовать состав иного преступления против собственности,

Тем самым, отношения собственности как объект преступления не должны ограничиваться только вещными отношениями в их материальном смысле. Поэтому в рамках уголовного права нормы о преступлениях против собственности должны охранять не только материальные ценности, принадлежащие другому лицу, но и нематериальные блага, посягательства на которые способны причинить имущественный ущерб. Имуществом могут быть и интеллектуальные блага (нематериальные активы) – фирменное наименование, товарные знаки, знаки обслуживания и тому подобное. Следовательно, возникает вопрос об отнесении посягательств на имущественные права обладателей интеллектуальной собственности к числу преступлений против собственности [3, с.30-31].

Кроме того, он же делает вывод: если нематериальные блага (информацию имущественного характера) в настоящее время следует признавать



предусмотренного ст. 195 УК РК (причинение имущественного ущерба путем обмана или злоупотребления доверием).

Еще в советской уголовно-правовой литературе высказывалось мнение, что нельзя рассматривать как хищение факты незаконного пользования электрической и другой энергией, за пользование которыми государством взимается плата, так как энергия не может рассматриваться как предмет хищения [2, 38].

Но эта устоявшаяся в теории и практике уголовного права позиция в настоящее время подвергается сомнению. По логике А.В. Шульги, в настоящее время главным определяющим свойством предмета преступлений против собственности должна быть не его материальная природа, а свойство рыночной стоимости, то есть, способность быть товаром, участвовать в легальном экономическом обороте.

предметом преступления против собственности, то и информацию, воплощенную в результатах интеллектуальной деятельности (ноу-хау, программы для ЭВМ, базы данных и другие, т.е. интеллектуальную собственность, также нужно признавать предметом преступлений против собственности [4, с. 69].

По убеждению А.В. Анистратенко, тепловая и электрическая энергии являются вещными явлениями, и в силу этого могут быть предметами хищений. И дело не только в том, что в современных условиях можно показать метрические параметры энергии, но и в том, что, согласно требованию гражданского права, вещь можно назвать тот предмет, свойства которого изучены и их можно поставить на службу человека. Энергия не может рассматриваться как обычный предмет материального мира, как телесная вещь, она



представляет собой свойство материи, при чем, материи, которой придано определенное состояние (напряжение тока, температура и так далее). Это свойство обнаруживается в способности производить полезную работу, обеспечивать выполнение различных технологических операций, создавать необходимые условия для трудовой деятельности и отдыха людей (освещение, вентиляция, отопление и т.д.).

Полезные свойства энергии реализуются в процессе ее использования, потребления. Результатом использования может быть выполненная работа, технологическая операция и так далее. То, что она существует и была использована, фиксируется в показаниях приборов учета. Энергия, пока она находится в сети и (или) источнике, вырабатывающем энергию, принадлежит тому, кто является собственником этой сети [4, с. 77].

Приведенные доводы А.В. Шульги и А.В. Анистратенко выглядят весьма убедительными, а поэтому, соглашаясь с ними, следует признать тепловую и электрическую энергии предметами хищения.

Нам также представляется более целесообразным и рациональным дать законодательную дефиницию понятия хищения в примечании к ст. 188 УК РК и там же отдельным пунктом перечислить формы хищения, тем самым, придав им легальный характер.

Одной из форм хищения насильственного характера является разбой и ч. 1 ст. 192 УК Республики Казахстан регламентирует его основной состав как «нападение с целью хищения чужого имущества, соединенное с насилием, опасным для жизни или здоровья лица, подвергшегося нападению, или с угрозой непосредственного применения такого насилия».

Как считает российский автор Я.О. Финько, Пленум Верховного Суда РФ и большинство ученых основное содержание понятия нападения видят в применении насилия (или угрозе его немедленного применения). Но в такой ситуации включение нападения в конструкцию состава разбоя выглядит излишним, так как применение насилия (опасного для жизни или здоровья) или угрозы его применения и так указаны в качестве признаков данного состава. По мнению автора, от использования понятия «нападение» в ч. 1 ст. 162 УК РФ (разбой) следует отказаться и, в связи с этим, предлагается легальная дефиниция разбоя в новой редакции: «Разбой, то есть, применение насилия опасного для жизни или здоровья, либо угроза применения такого насилия

в целях хищения чужого имущества, – наказывается...». [5, с. 602].

Практически тождественное легальное определение основного состава разбоя содержится и в ч. 1 ст. 192 УК РК.

Мы разделяем позицию Я.О. Финько, поскольку суть нападения в применении насилия (физического или психического), а без насилия понятие нападения теряет смысл.

По своему уголовно-правовому содержанию разбой, являясь специфической формой хищения, тесно примыкает к насильственному грабежу, с той лишь разницей, что в п. 1 ч. 2 ст. 191 УК РК речь идет о грабеже с применением насилия, не опасного для жизни или здоровья потерпевшего, либо с угрозой применения такого насилия, а в ч. 1 ст. 192 УК РК, определяющей ответственность за разбой, речь идет о насилии, опасном для жизни или здоровья лица, подвергшегося нападению, или с угрозой непосредственного применения такого насилия.

Несмотря на различия в характере насилия указанных преступлений, тем не менее, возникает необходимость разграничения этих сходных составов, поскольку на практике это порождает проблемы квалификационного характера. Фактически речь идет о конкуренции норм и важно эту конкуренцию преодолеть.

Как правило, не возникает проблем, когда речь идет о ненасильственном грабеже, которое законодатель формулирует как открытое хищение чужого имущества без применения насилия, предусмотренного ч. 1 ст. 191 УК РК.

Более сложные затруднения возникают при отграничении насильственного грабежа от разбоя, когда угроза применения насилия, выражается преступником неопределенно. Подобным психическим насилием может являться, например, угроза: «Отдай деньги, иначе будет хуже» и т.п.

В этих случаях преступник прямо не высказывает намерений убить потерпевшего либо применить по отношению к нему насильственные действия, не демонстрирует перед ним оружие или другие предметы, которые объективно его заменяют.

Как видим, проблема продолжает оставаться нерешенной в тех случаях, когда завладение имуществом соединено с угрозой применения насилия, носившей неопределенный характер. Какие-либо конкретные критерии здесь определить невозможно, поэтому Верховный Суд РФ дает лишь общие рекомендации, которые, в частности, сводятся к тому, что в тех случаях, когда завладение имуще-

ством соединено с угрозой применения насилия, носившей неопределенный характер, вопрос о признании в действиях лица грабежа или разбоя необходимо решать с учетом всех обстоятельств дела: места и времени совершения преступления, числа нападавших, характера предметов, которыми они угрожали потерпевшему, субъективного восприятия угрозы, совершения каких-либо конкретных демонстративных действий, свидетельствовавших о намерении нападавших применить физическое насилие, и т.п. [7].

Разумеется, это порождает серьезные трудности в квалификационном процессе для работников предварительного следствия и суда.

К сожалению, данный вопрос в Нормативном постановлении Верховного Суда Республики Казах-

стан «О судебной практике по делам о хищениях» от 11 июля 2003 г. №8 (в ред. от 20.04.2018 г. №8) [8] не стал предметом судебного толкования, а поэтому спорный аспект уголовно-правовой оценки сохраняется.

Полагаем, единственное решение данной проблемы состоит в том, чтобы объединить состав насильственного грабежа с составом разбоя, сохранив в ч. 1 ст. 191 УК РК лишь ненасильственный грабеж.

Исходя из изложенного, предлагается изложить ч. 1 ст. 192 УК Республики Казахстан в следующей редакции:

«Разбой, то есть, применение насилия либо угроза применения такого насилия в целях хищения чужого имущества, – наказывается...».

### **АННОТАЦИЯ:**

*В настоящей статье рассматриваются спорные вопросы уголовно-правовой оценки деяний, связанных с хищениями чужого имущества. Несмотря на устоявшиеся взгляды в доктрине и практике уголовного права относительно таких понятий как предмет хищения, насильственные формы хищения и критерии их разграничения, тем не менее, в практике правоприменения сохраняются коллизии квалификационного характера относительно преступлений против собственности.*

### **КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА:**

*Предмет хищения, тепловая и электрическая энергии, разбой, насильственный грабеж, насилие.*

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Уголовный кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.09.2023 г.) – Ведомости Парламента Республики Казахстан. – №13-II. – ст. 83. – 2023. – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31575252](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575252)
2. Кригер Г.А. «Квалификация хищений социалистического имущества – 2 -е изд., исправ. и доп. – М.: «Юридическая литература. – 1974. – 334 с. – URL: <https://search.rsl.ru/ru/record/01007418883>
3. Шульга А.В. Имущество как предмет преступления против собственности и его влияние на содержание объекта данных преступлений//Российский следователь. – 2012. – №2. – С.29 – 32. – URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=17724353>
4. Шульга А.В. Информация имущественного характера как предмет преступлений против собственности// Уголовное право. – 2010. – №1. – С.65-69. – URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=14780739>
5. Анистратенко А.В. Понятие хищения по Уголовному праву России//Вестник Волжского университета им. В.Н. Татищева. – 2010. – №73. – С.71-83. – URL: [https://ciberleninka.ru/article/r/ponyatie\\_hischeniya\\_po\\_ugolovnomu-pravu\\_rossii](https://ciberleninka.ru/article/r/ponyatie_hischeniya_po_ugolovnomu-pravu_rossii)
6. Финько Я.О. Понятие нападения в конструкции состава разбоя в статье 162 Уголовного кодекса Российской Федерации //Молодой ученый. – 2017. – №4. – С. 600-602. – URL: <https://moluch.ru/archive/138/38680/>
7. «О судебной практике по делам о краже, грабеже и разбое»: постановление Пленума Верховного Суда РФ от 27 декабря 2002 г. №29 (в ред. от 15 декабря 2022 г. №38) – URL: <https://base.garant.ru/1352873/>
8. «О судебной практике по делам о хищениях»: Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 11 июля 2003 г. №8 (в ред. от 20.04.2018 г. №8) – URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/P03000008S\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/P03000008S_)

# АТҚАРУШЫЛЫҚ ЖАЗБАНЫҢ КҮШІН ЖОЮДАҒЫ СОТ ПРАКТИКАСЫ



**Салтанат МЕҢЛІБЕК,**  
*Қарасай аудандық  
сотының судьясы,  
Алматы облысы*

НОТАРИАТТЫҚ ӘРЕКЕТТЕРГЕ НЕМЕСЕ ОЛАРДЫ ЖАСАУДАН БАС ТARTУҒА БЕРІЛЕТІН ШАҒЫМДАР БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ НОРМАЛАРЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНІҢ (БҰДАН ӨРІ – АПК) 45-ТАРАУЫМЕН РЕТТЕЛЕДІ. ОСЫҒАН ОРАЙ, МАҚАЛАМЫЗДА 364-БАПҚА ТОҚТАЛҒАНДЫ ЖӨН САНАП ОТЫРМЫЗ. ӨЙТКЕНІ, ҚАЗІРГІ ТАҢДА БОРЫШКЕРЛЕР ЖАСАЛҒАН НОТАРИАТТЫҚ ӘРЕКЕТКЕ НЕМЕСЕ ОНЫ ЖАСАУДАН БАС ТARTУҒА БАЙЛАНЫСТЫ КӨПТЕГЕН ШАҒЫМДАРМЕН СОТҚА ЖҮГІНУДЕ.

**А**ПК-нің 364-бабының 4-бөлігінде «Шағым жасалған нотариаттық әрекет туралы немесе нотариаттық әрекет жасаудан бас тарту туралы арыз берушіге белгілі болған күннен бастап есептелетін он күн мерзімде сотқа беріледі» деп нақты көрсетілген. Солай бола тұра, азаматтар сотқа заңмен белгіленген он күндік мерзім өтіп кеткен соң жүгінеді, тіпті, бірнеше жылдан кейін арыз берушілер де бар.

Оған сот тәжірибесіндегі 2020–2022 жылдар аралығында жазылған атқарушылық жазбалардың басым көпшілігінің болуы дәлел. Борышкерлер атқарушылық жазбаның күшін жою туралы арыз беруде мерзімді өткізіп алуын, көп жағдайда, оның бар екенін білмеуімен байланыстырады. Алайда, сот отырысында анықтау барысында олардың бұл уәждері шындыққа жанаспайтыны белгілі болып жатады. Олай дейтініміз, сот орындаушысы атқарушылық жазба орындауға келіп түскен уақытта борышкердің абоненттік нөміріне бұл туралы СМС-хабарламалар жолдап, банктік шоттарына тыйым салады.

Осы ретте айта кететін мәселе – соңғы жылдардағы электрондық құжат айналымының дамуына байланысты, банктік қызметтердің біршама түрлері электронды форматта жүзеге асырылып отыр, оның ішінде баршамызға белгілі «Kaspi.kz» мобильдік қосымшасы. Демек, халықтың басым көпшілігі қолданатын мобильдік қосымшасындағы банктік шотқа тыйым салынғаны туралы ақпарат қолданушыға бірден белгілі болады, себебі, тыйым салынғаннан кейін бірқатар банктік операцияларды жүргізу мүмкіндігі тоқтатылады.

Бұл дегеніміз – сот орындаушысының банктік шотқа тыйым салған уақытынан бастап, қарыздың жеке сот орындаушысының орындауында екендігі туралы борышкерге белгілі болады.

Сот орындаушылары тарапынан жүргізілетін тиісті шараларға қарамастан, бұған немқұрайлылық танытатындар жетерлік. Сондықтан, көп жағдайда арыз берушілердің уәждері өз дәлелін таппай жатады.

Осы ретте заң талабына тоқталар болсақ, АПК-нің 172-бабының 6-бөлігінде талап қоюдың ескіру немесе сотқа жүгіну мерзімі дәлелді себептерсіз өткізілген жағдайда, іс бойынша өзге де іс жүзіндегі мән-жайлар зерттелмей, талап қоюдан бас тарту туралы шешім қабылдауға соттың құқылы екені анық жазылған. Яғни, сотқа мерзімді өткізіп



алу фактісі анық болған жағдайда, онда ешқандай жағдайға қарамай, істің мән-жайын зерттеп-зерделемей, арызды қанағаттандырусыз қалдыра алады. Мұндай шешімді сот істі сот талқылауына дайындық кезінде де қабылдауы мүмкін.

Заң талабына сәйкес, мерзімді өткізіп алу фактісі талап қоюшының сол уақытты қалпына келтіру немесе жауапкердің талап қоюдың ескіру мерзімін қолдану туралы өтінішхаты негізінде белгіленеді. Осы тұста айта кетерлігі, он күндік мерзімнің өтуі сот үшін шағымды қабылдаудан бас тартуға не оны қайтаруға негіз болып табылмайды. Егер арыз берушінің мерзімді дәлелді себептермен өткізіп алғаны анықталса, судья өтінішхат бойынша оны қалпына келтіруге міндетті, бұл туралы шешімнің уәждеу бөлігінде көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың атқарушылық жазбаға шағым жасау туралы істерді қарау кезінде заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысына сәйкес арыз берушінің сотқа жүгіну мерзімін сақтауы туралы мәселесі мүдделі тұлғалардың осы мән-жайға сілтеме жасау-жасамауына қарамастан талқыланады, бұл ретте сот арыз берушіге өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхат беру құқығын түсіндіреді.

Алайда, соттың бұл құқықты түсіндіруі қаншалықты дұрыс екендігі әлі де болса ашық мәселе деп

санаймыз, себебі, бұл тұрғыда заңмен көзделген мерзім он күнді құрайды, яғни, аталған мерзім қалпына келтірілуге жатпайтын және нақты айқындалған болуы қажет деп есептейміз, сол кезде ғана сот практикасының бірізділігін қамтамасыз ету мүмкін болады.

Бұл дегеніміз – азаматтар өздерінің процестік құқықтарын теріс пайдалануға жол бермей, заңнамада көзделген мерзім ішінде сотқа жүгінулері қажет.

Осы ретте, қаншама арызданушы заң талабынан бейхабар екендігін, енді біреулері қарызды төлеуге мүмкіндігі болмағанын алға тартады. Бірақ, заңды білмеу ешкімді де жауапкершіліктен босатпайтынын білген жөн. Оның үстіне мұндай арыздардың дерлігі заң талабына сәйкес қанағаттандырылмайды. Сондықтан, мұндай себептерді соттар назарға алуға міндетті емес деп санаймыз. Азаматтар қандай жағдайда да заң аясында әрекет етуі керек.

Сот практикасынан қысқаша мысал келтірер болсақ, арызданушы сотқа нотариаттық іс-әрекеттерге шағым түсірді. Онда атқарушылық жазбаның көшірмесі өзіне берілмегенін, сондай-ақ қарызды тану болмағанын, оның бар екенін жақында ғана білгендігін алға тартқан. Осы шағымның негізінде жеке сот орындаушыларынан жазбаша пікірлер алынды. Сот отырысында арызданушы шағымды толық қолдап, оны қанағаттандыруды және атқарушылық жазбаның күшін жоюды сұрады. Ал жеке сот орындаушысы шағымдануға негіз болған атқарушылық жазба бойынша атқарушылық іс 2023 жылғы 14 шілдеде қозғалғанын, дәл осы күні борышкердің абоненттік нөміріне СМС-хабарлама жолданғаны туралы өз дәлелін келтіріп, арызданушы сотқа арыз берудің процестік мерзімін өткізіп алғандықтан, арызды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Іс материалдарымен, 2023 жылғы 14 шілдеде атқарушылық жазбаның бар екені туралы арызданушыға белгілі болғаны анықталды. Яғни, сотта арыз берушінің өкілі сот орындаушысы келтірген абоненттік нөмірдің борышкерге тиесілі екенін растады.

Ал арыз сотқа бір жыл өткеннен кейін беріліп отыр, осы ретте мерзімді қалпына келтіру туралы тиісті өтінішхат түспеді және өткізіліп алынған мерзімнің жарамдылығын көрсететін дәлелдемелер ұсынылмады.

Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» заңының талабына сәйкес атқарушылық жазба

жасағаннан кейін нотариус келесі жұмыс күнінен кешіктірмей борышкерге оның көшірмесін табыс етеді немесе жеткізілгенін тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып, борышкердің электрондық пошта мекенжайы бойынша немесе белгілі тұрғылықты (тұрған) немесе тіркелген жері бойынша жібереді.

2023 жылғы 19 маусымда нотариус атқарушылық жазбаның көшірмесін арызданушының мекенжайына жолдаған. Соған қарамастан, арызданушы нотариаттық іс-әрекетке сотқа шағым беру үшін заңмен көзделген он күндік процестік мерзімді өткізіп алған. Осыған орай, аталған шағым қанағаттандырусыз қалдырылды.

Дәл осындай шағымға қатысты тағы бір мысал, арызданушы сотқа атқарушылық жазбаның күшін жою туралы арызбен жүгінді. Жеке сот орындаушылары істі өздерінің қатысуынсыз қарауды сұрады. Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» заңының 92-1-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес берешекті өндіріп алу атқарушылық құжаттың негізінде даусыз талап ету бойынша жүзеге асырылады. Атқарушылық жазба бойынша, борышкерден негізгі қарызбен қоса 60 мың теңге көлемінде өсімпұл өндірілген. Алайда, өндіріп алушы нотариусқа жүгінген уақытта борышкердің өз міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша мойындаулары мен өсімпұлдың бар екенін растайтын мәліметті ұсынбаған.

Жоғарыда айтып өткендей, нотариус атқарушылық жазба жасаған соң немесе тиісті қаулы шығарғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей оның көшірмесін борышкерге жіберуге міндетті. Алайда, сот отырысында борышкердің нотариустан немесе жеке сот орындаушысынан шеқандай да хабарлама алмағаны анықталды. Осыған байланысты, борышкердің атқарушылық жазба туралы хабардар болу фактісі өз дәлелін таппады.

Осылайша, сот атқарушылық жазба арызданушының жазбаша мойындауынсыз жасалған, сонымен бірге заңмен белгіленген мерзім ішінде сотқа жүгінуіне байланысты, атқарушылық жазба заң талаптарына сай емес деген қорытындыға келіп, шағым талаптарын толық көлемде қанағаттандыруды қажет деп тапты.

Заң талабын орындау баршаға бірдей міндет. Сондықтан, азаматтар мұндай мәселелерге жауапкершілікпен қарауы тиіс деп есептейміз.

# САНАСЫ ӨЗГЕРМЕГЕНДІ ЖАЗА ӨЗГЕРТЕ АЛМАЙДЫ



**Нұржан ҚАРАБАЕВ,**  
Алматы қалалық  
сотының судьясы

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ – ЗАҢ. СОДАН БОЛАР ӘЙГІЛІ АҒЫЛШЫН ЖАЗУШЫСЫ УИЛЬЯМ ШЕКСПИР «ЗАҢНЫҢ МӘНІ – АДАМГЕРШІЛІК» ДЕЙДІ. РАСЫНДА ЗАҢ ӘДІЛДІККЕ, ТЕҢДІККЕ, ТУРАЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕНІМЕН, ОНЫҢ ТҮП ТАМЫРЫ АДАМГЕРШІЛІКПЕН ӨЗЕКТЕС. ӨЙТКЕНІ, ЗАҢНЫҢ ӨЗИ АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БОСТАНДЫҒЫН ҚОРҒАП, МҮДДЕСІН ТАПТАТПАУ ҮШІН ҚАБЫЛДАНАДЫ. АЛ СОЛ ЗАҢДАР ПӘРМЕНДІ БОЛЫП, ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫНА АЙНАЛСЫН ДЕСЕК, ДАНЫШПАН МАРК ЦИЦЕРОН АЙТҚАНДАЙ «БІЗ ЕРКІН БОЛУ ҮШІН ЗАҢДАРДЫҢ ҚҰЛЫ БОЛУЫМЫЗ КЕРЕК». ЗАҢНЫҢ МЫҚТЫЛЫҒЫ, ЗАҢНЫҢ ҚҰДІРЕТІ ОСЫНДА.

**2024** жылдың 15 сәуірінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарына қол қойды. Екеуі де бүгінгі күн талабынан туындаған, қоғамның қажеттілігіне сай дайындалған маңызды құжат.

Бұл заң нормасы ресми жарияланған күннен бастап 60 күн өткен соң, яғни, 2024 жылдың 15 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді. Заң қолданысқа енгізілген уақыттан бастап тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыстық теріс қылық ретінде қарастырылып келеді. Бүгінде республика соттары жаңа заңға сүйене отырып алғашқы істерін қарап, бастапқы тәжірибелерін жинақтауда.

Жалпы, жаңа заңның қабылдануына орай 15 заңнамалық актіге, оның ішінде жеті кодекске және сегіз заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мысалы, бұған дейін тұрмыстық зорлық-зомбылыққа Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекс бойынша жауаптылық белгіленіп келген еді. Отбасының тыныштығын бұзып, жақындарына зәбір көрсеткендер ӘҚБтК-нің 73-1, 73-2 баптарымен әкімшілік жауапкершілікке тартылатын. Ал жаңа заңға сай бұл баптар ӘҚБтК-ден алынып, қылмыстық жауапкершілікке ауыстырылды. Осылайша Қылмыстық кодекс жаңа 108-1 және 109-1 баптарымен толықтырылды. Қылмыстық кодекске енгізілген 108-1-бабына сай «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіргендер» 200 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл арқалап не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылып, не 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алынуы мүмкін. Осы әрекет екі не одан да көп адамға қатысты; адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына, кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамға, оның жақындарына қатысты; аса қатыгездікпен, сол сияқты кінәлі адамға дәрменсіз күйде екенін көрінеу белгілі не кінәлі адамға материалдық жағынан немесе өзгеше түрде тәуелді адамға қатысты жасалған жағдайда бұдан да жоғары жауаптылық белгіленеді.

Ал жәбірленушіні ұрып-соққаны үшін Қылмыстық кодекстің 109-1-бабымен жауапқа тартылғандар 80 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл арқалап не сол мөлшерде түзеу жұмысына, не 80 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылуы, не 25 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алынуы заңмен қарастырылып отыр. Жазаны ауырлататын мән-жайлар болған кезде, жасалған қылмыстық жауапкершілік қатаңдай береді. Айталық бұл жерде де екі немесе одан да көп адамға қатысты; кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі не кінәлі адамға материалдық жағынан немесе өзгеше түрде тәуелді адамға қатысты жасалған; адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған; бұзақылық ниетпен; әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша; бірнеше рет; көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған дәл сол іс-әрекеттер үшін бір жүзден екі жүз АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмысы, не бір жүзден екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тарту, не отыз тәуліктен елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу жазасы қарастырылған.

Сонымен қатар, Қылмыстық кодекс 98-3-баппен толықтырылып, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жүріс-тұрысына ерекше талап белгілеу қолға алынып отыр. Айталық, қылмыстық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танылған адамға жаза тағайындау кезінде сот өз бастамасы бойынша не қылмыстық процесс тараптарының өтінішхаты бойынша оның жүріс-тұрысына үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге ерекше талаптар белгілей алады.

Сондай-ақ, денсаулыққа қасақана орташа және ауыр зиян келтіргендерге 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Ал, бұрын бұл қылмыс емес, әкімшілік құқықбұзушылық деп белгіленіп, бас бостандығын шектеу жазасы қарастырылатын еді.

Бұған дейін әкімшілік құқықбұзушылық ретінде қаралған істерді қазір республика соттары қылмыстық теріс қылық ретінде Қылмыстық кодекс шеңберінде қарап, жаңа заңның талаптарын тәжірибеде қолдануда. Осы істердің басым бөлігінде кінәлі азаматтарға жаза ретінде қоғамдық жұмысқа тарту бекітіліп жатыр. Жаңа заңға байланысты халықтың пікірі де әр алуан. Бірі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бергендер қатаң жазаға лайық десе, енді бірі екі тарапты татуластырып, отбасының

татулығын сақтау басты орында тұруы керек деген ойда. Дегенмен, соттар да істерді қарағанда мәселенің ақ-қарасын анықтап барып, кінәліге лайықты жазаны қарастырады күмәнсіз. Жалпы, отбасы, балалар, туыстық байланыс мәселесі өте нәзік мәселе екенін ұмытпауымыз керек.

Жалпы, заңда жазаны қатайтуға ғана емес, қоғамның тұрмыстық зорлық-зомбылыққа деген

теріс көзқарасын қалыптастырып, санасын өзгертуге назар аударылғаны құптарлық. Өйткені, тұрмыстық зорлықты тек заңның көмегімен, жазаны қатайтумен жоямыз деу қате. Бұл жерде жауаптылық пен тәрбие қатар тұруы керек. Зорлықшылардың жәбірленушімен татуласуына бір ғана мүмкіндіктің берілуі де дұрыс енгізілген тетік. Себебі, жазасыздық жаңа қылмыс тудырады. Отбасындағы зорлықтың асқынуына да көбінесе зорлықшының жазадан тыс қалуы, жәбірленушінің үнсіздігі мен шарасыздығы түрткі болып жатады. Осы тұрғыдан алғанда бұл толықтыру заңның тағы бір ұтымды тұсы.

Әрине, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның қабылдануы отбасында тұрмыстық, әлеуметтік, экономикалық, рухани зорлық көріп жүрген жандарға ой салары, сенім берері анық. Десек те, заң өз мақсатына жетуі үшін бұл аз. Ол үшін қоғам адамның бәрі тең екенін, бөтен адам тұрмақ, жақынына жәбір көрсетудің заңсыз екенін сезінуі, түйсінуі керек. Бұл тұста ақпараттандыру саласында ауқымды жұмыстар жүргізу керектігі кезек күттірмейді.

Бұрын көршілер сөзге келіп жатса, балалар жаман әдетке үйір болмасын деп қақпаны жауып қоятын еді. Ал қазір бір отбасының мәселесі аула тұрмақ, ауылдың аясынан шығып, бүкіл елдің талқылайтын тақырыбына айналды. Біз ажырасқандарды, үйінде зорлық жасағандарды, жақынының жанын жаралағандарды жария етіп, жарнама лауға әуес болып алдық. Тұрмыстық зорлыққа тосқауыл қойғымыз келсе, алтын тойға жеткен ардақты ата-ананы, қарт ата-анасына құрметпен қараған ұл мен келінді, үйінен сыйластық үзілмеген жанұялардың жарасымды тірлігін жарыса жазайық, айтайық, үлгі етейік! Тұрмыстық зорлыққа тыйым салудың пәрменді тетігі тәрбиемен байланысты екенін ұмытпайық.





# ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ӘРЕКЕТІНЕ ДАУ АЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ



**Мерuert ТОҒЫЗБАЕВА,**  
*Қызылорда облысының  
мамандандырылған  
ауданаралық әкімшілік  
сотының судьясы*

СОТТЫҢ МІНДЕТІ – ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚТАРЫН, БОСТАНДЫҒЫ МЕН МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ, ЖАРИЯ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДА ЖЕКЕ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ МҮДДЕЛЕР ТЕҢГЕРІМІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ, МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ ЖӘНЕ АШЫҚ БОЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, СОНДАЙ-АҚ ЖАРИЯ-ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛАДАҒЫ ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. БҰҒАН ДЕЙІН ЖАРИЯ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАУЛАР АЗАМАТТЫҚ-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСТІҢ ТАЛАПТАРЫ БОЙЫНША ҚАРАЛЫП КЕЛДІ.

**П**резидент жолдауында: «Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімі мен әрекетіне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады. Олардың мүмкіндігін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді. Сондықтан, осындай теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет» деген болатын.

## ТАРАПТАРДЫҢ ТАТУЛАСҚАНЫ ТИІМДІ

Әкімшілік әділет институтын қолданысқа енгізу арқылы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің маңызын түсіндіріп, әкімшілік соттардың жұмысын арттыруда ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылды. Әкімшілік соттарда сот орындаушылардың әрекеті мен әрекетсіздігіне қатысты даулардың басым көпшілігі – жеке сот орындаушылардың әрекетіне көңілі толмау, алимент бойынша берешекті дұрыс анықтамау, борышкердің жылжымалы, жылжымайтын мүлкіне, банктегі ақшасы мен бағалы қағазына негізсіз тыйым салу, борышкерден қарызды өндіруге қатысты уақытылы шара қолданбау және тағы басқа шағымдарды құрайды.

Статистикалық мәліметке сай, 2024 жылдың 1 жартыжылдығында сот орындаушылар әрекетіне дау айту туралы 159 әкімшілік іс түсіп, оның 84-і талап қоюшылардың өз арызына сәйкес және тағы да басқа негіз бойынша кері қайтарылса, 42 іске шешім қабылдаған. Шешім қабылдау арқылы аяқталған істердің 5-уі бойынша талап толық қанағаттандырылса, 26-сы ішінара қанағаттандырылып, 11 талап қою арызы қанағаттандырудан бас тартылған. Сонымен қатар, 12 әкімшілік іс бойынша тараптар медиациялық келісімге, 2 іс бойынша бітімгершілік келісімге қол жеткізіп, татуласқан.

Ал, 2023 жылдың 6 айында барлығы 154 іс түсіп, оның ішінде 70-і кері қайтарылып, 38 іс шешім қабылдаған. Шешім қабылдаумен аяқталған істердің 31-і бойынша талап арыз толық, 5 іс бойынша ішінара қанағаттандырылса, 2 істе талап арызды қанағаттандырудан бас тартылған. 1 іс соттылығы бойынша басқа сотқа жолданса, 15 істе тараптар медиация тәртібімен келісімге келіп, 2 іс бойынша бітімгершілік шартын жасасты. Бұл соттардың тараптарды татуластыруда, дауды бітімгершілікпен бітіруде оң тәжірибе қалыптастырғанын көрсетеді.

## СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ҚАТЕЛІГІ НЕДЕ?

Сот орындаушылардың әрекетіне шағымдану туралы әкімшілік талап қоюдағы шағымданушылар талабы әртүрлі ӘРПК-нің 132-бабына сәйкес, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіде талап қоюшының құқығы, бостандығы мен заңды мүддесі бұзылған жағдайда, ол әкімшілік актінің толық немесе оның қандай да бір бөлігінің күшін жою талабымен дау айту туралы талап қоюға құқылы.

Сот орындаушысы шығарған қаулымен келіспеген жағдайда, талаптар осы қаулыны заңсыз деп тану жайлы мәлімдейді. Әрекетті заңсыз деп тану туралы бір мезгілде талап қою талап етілмейді. ӘРПК-нің 84-бабының 2-бөлігіне сәйкес, заңсыз әкімшілік актінің толық немесе бір бөлігінде күші жойылуы мүмкін. Қаулы заңсыз деп танылған жағдайда сот аталған қаулының күшін жояды.

Сот орындаушылар әдетте қабылданған шаралардың мөлшерлес еместігі, шаралар қабылдау мерзімін бұзу, қабылданған шараларды уақытылы емес немесе заңсыз бұзу секілді қателіктерге жол береді.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 127-бабына сәйкес, өндіріп алушы немесе борышкер сот орындаушысының атқарушылық құжатты орындау жөніндегі шешіміне және әрекетіне немесе осылай әрекет жасаудан бас тартуына байланысты сотқа шағым жасауы мүмкін. Шағым сотқа еліміздің әкімшілік ісін жүргізу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен беріледі.

Көрсетілген нормаға сай, сот орындаушы әрекетіне атқарушылық іс жүргізу тараптары ғана шағым беруге құқылы. Дегенмен, сот тәжірибесінде іс жүргізудің тараптары болып табылмайтындардың дауласуы да жиі кездеседі. ӘРПК-нің 9-бабы 1-бөлігіне сәйкес, әркім бұзылған немесе дау айтылатын құқығын, бостандығын немес заңды мүддесін қорғау үшін осы кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы. Аталған норма мүдделер болған жағдайда сот тәртібімен қорғау құқығын көздейді. Атқарушылық іс жүргізудің тараптары болып табылмайтын адамдардан талап қою арызы түскен кезде соттар даулы құқықты қорғаудың және қалпына келтірудің өзге тәсілінің бар-жоғын және талап қоюшы үшін жасалған әрекеттен тікелей құқықтық салдар туындағанын тексеруге тиіс.



Атқарушылық іс жүргізу туралы заң нормаларын әртүрлі түсіндіру болмау үшін Жоғарғы Соттың «Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» нормативтік қаулысында мүдделі тұлғаның сот орындаушылар әрекетіне сот тәртібімен шағымдануға құқығы болатын жағдайларды нақтылау қажет деп көрсетілген. Ал, талап қоюшы сот орындаушылар әрекетіне шағымдану кезінде өзінің материалдық не құқықтық мүдделілігін дәлелдеуге міндетті. Алайда, нақты құқықтық мүдделілік болмаған және қорғаудың басқа тәсілі болған кезде мұндай адамдардың талап қоюлары қайтарылуға тиіс.

## **АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ШАҒЫМ ТҮСІРУ МЕРЗІМІН ЕСКЕРУІ ҚАЖЕТ**

ӘРПК-нің 136-бабы 4-бөлігінде сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекетіне талап қою әрекет жасалған күннен бастап немесе сот орындаушысының әрекет жасау уақыты мен орны туралы хабарланған өндіріп алушыға немесе борышкерге ол туралы белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сотқа берілетіні көзделген. Мұндай мерзімді белгілеу

атқарушылық іс жүргізудің үздіксіздігін қамтамасыз етумен байланысты және оны сот арқылы қорғау құқығын бұзу ретінде қарауға болмайды.

Тәжірибеде борышкерлердің іс жүргізу мерзімін ұзарту мақсатында тараптың атқарушылық іс жүргізу материалдарымен уақытылы таныспағаны туралы дәлелдер келтіре отырып, сот орындаушылар әрекетіне шағым жасайтын кездері жиі кездеседі. Осыған байланысты талап қою сотқа жүгіну мерзімін бұза отырып беріледі. Даулардың осы санатын қарау кезінде атқарушылық іс жүргізу материалын зерделеуге және атқарушылық іс жүргізу тараптарына жасалған әрекет туралы хабардар ету тәсілі мен күнін анықтауға ерекше назар аудару қажет.

ӘРПК-нің 136-бабы 7-бөлігіне сәйкес, дәлелді себептермен өткізіп алған талап қою мерзімін сот АПК-нің қағидалары бойынша қалыпқа келтіре алады. Сотқа талап қою мерзімін өткізіп алу себепін және әкімшілік істі дұрыс шешу мәнін сот алдын ала тыңдауда анықтайды. Азаматтық процесілік кодекстің 126-бабы 2-тармағына сәйкес, егер белгіленген мерзімді өткізіп алу себептерін сот дәлел деп тапса, сот оларды қалпына келтіруі мүмкін. Соттар мерзімді өткізіп алу себебі объективті болмаған және талап қоюшының сотқа уақытылы

жүгінуіне қандай да бір фактілердің бар екендігін күәландырмаған кезде талап қоюды қайтарады.

Осы санаттағы істердің тағы бір ерекшелігі – ӘРПК-нің 168-бабы 4-бөліміне сәйкес, сот орындаушылар әрекетіне дау айту туралы әкімшілік істер бойынша апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде берілуі мүмкін. Сот актісі жарияланған күн шешім шығарылған күн болып есептеледі.

Осы орайда, тараптар сотқа апелляциялық шағым түсіру мерзімін де ескеруі қажет. Сондай-ақ, сот орындаушының әрекетіне шағымдану туралы талап қою бойынша талап қоюшылар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекстің 616-бабы 15-тармақшасына сәйкес, сотқа талап қою берген кезде мемлекеттік баж төлеуден босатылған.

ӘРПК-нің 122-бабы 1-бөлігіне сай, сот шығысын бөлу АПК-нің қағидалары бойынша қаралады. АПК-нің 117-бабы 1-бөлігіне байланысты талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ, іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріп алынады. Талап қою қанағаттандырылған кезде жергілікті бюджеттің кірісіне мемлекеттік баж сот орындаушысынан талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне сәйкес өндіріп алынады. Мемлекеттік баж мөлшерлемесі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекстің 610-бабы 1-тармағы 8-тармақшасының (0,5 АЕК) қағидасы бойынша есептеледі.

## ӘКІМШІЛІК ІСТЕРДІ ӘДІЛ, БЕЙТАРАП ШЕШУ МАҢЫЗДЫ

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті – жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін, заңды тұлғаның құқығы мен заңды мүддесін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру. Осы мақсатқа жету үшін әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу маңызды. Сонымен бірге, ӘРПК-нің 7-бабында көзделген заңдылық қағидаты бойынша әкімшілік орган, лауазымды адам және сот әкімшілік істі қарау

кезінде объективтілік пен бейтараптықты сақтай отырып, әкімшілік іске қатысушылардың әрқайсысы әкімшілік істің мән-жайын жан-жақты және толық зерттеуге тең мүмкіндік пен жағдай туғызуға міндетті. Егер заңда дау тараптарының келісімімен тиісті мәселелерді соттың шешетіні көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға қонымдылық өлшемшарттарын негізге алып шешуге міндетті.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 62-бабы 1-тармағында сот орындаушысы атқарушылық құжаттың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында борышкердің мүлкіне, оның ішінде заңда көзделген жағдайларда прокурордың санкциясымен тыйым салуға міндетті. Бұл ретте сот орындаушысы атқарушылық құжаттың орындалуын қамтамасыз ету үшін өндіріліп алынатын сомаға мөлшерлес, борышкерге тиесілі бүкіл мүлікке бір мезгілде тыйым салуға құқылы екені көзделген. Ал осы заңның 63-бабы 1-тармағына сәйкес, мүлікке тыйым салу кезінде сот орындаушысы оның борышкерге тиесілі екендігін және ондағы ауыртпалықты, тыйым салу сомасының мөлшерін анықтайды.

Мысалы, Н. есімді азаматтан мекемеге 16780 теңге өндіру туралы атқарушылық жазбаға заңда белгіленген мерзім ішінде қарсылық түспеуіне орай, нотариуспен атқарушылық жазба өндіріп алушыға берілген. Борышкер аталған соманың 12 730 теңгесі өтелгенін және түбіртеккі жолдағанын, алайда осы күнге дейін арызына жауап берілмегенін, керісінше, банктік есеп-шоттарына, барлық жылжымалы және жылжымайтын мүліктеріне тыйым салу туралы қаулы қабылданғанда мөлшерлестік қағидаты бұзылғанын көрсетіп, сотқа жүгінген.

ӘРПК-нің 10-бабына және 11-бабының 2-бөлігіне сай, әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік қалауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы мен қоғам мүдделерінің әділ теңгерімін қамтамасыз етеді. Бұл ретте әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) мөлшерлес, яғни жарамды, қажетті және пропорциялы болуға тиіс. Егер әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін шектеу нәтижесінде алынған қоғамдық игілік осы шектеулер келтірген зияннан көп болса, әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) пропорциялы деп есептеледі. Әкімшілік қалауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік актіні қабылдау және әкімшілік әрекетті жасау осы өкілеттіктің мақсатына сәйкес келуге тиіс.

Іс құжаттарын зерделеу барысында анықталғандай, атқарушылық жазба бойынша борышкерден өндірілетін 16 780 теңгенің 12 730 теңгесін өз еркімен төлеген. Бұл жөнінде жеке сот орындаушыға белгілі болғанына қарамастан, қалдық 4050 теңгені өндіру үшін даулы қаулыларымен талап қоюшының барлық жылжымайтын мүлкі мен көлік құралына тыйым салынған. Яғни, қаулыларды қабылдау барысында жауапкер мөлшерлестік қағидатын бұзып, өкілеттіктің мақсатына сәйкес келмейтін әкімшілік қалау жүзеге асырылған. Атап айтқанда, мүлікке тыйым салу туралы қаулыда орындалу бойынша шығындарын төлеуді есепке ала отырып, атқарушылық құжатты орындау үшін қажетті сома көлемінде тыйым салыну қажеттілігі ескерілмеген.

## СОТТАРДЫҢ ДЕН ҚОЮ ШАРАЛАРЫ

ӘРПК-нің 155-бабы 3-бөлігіне сай, әкімшілік актіні немесе оның бір бөлігін заңсыз деп тану, егер соттың шешімінде өзгеше көрсетілмесе, оның күшін жоюға, сондай-ақ одан не оның бір бөлігінен туындайтын барлық заңды салдардың күшін жоюға алып келеді. Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде және атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы қаулы заңсыз деп танылды.

Заңдылықты бұзушылықтардың орын алмауы мақсатында соттар кемшілікке жол берген жеке сот орындаушыларға қатысты жекеше ұйғарым қабылдап, ақшалай өндіріп алу процестік мәжбүрлеу шарасы қолданылады.

Соттардың ден қою шараларына тоқталып өтсек, АПК-нің 270-бабының 1-бөлігіне сәйкес, заңдылық бұзылған жағдайлар анықталса, сот жеке ұйғарым шығаруға және оны жіберуге құқылы. Ал, бұзушылыққа мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілер тарапынан жол берілсе, сот жеке ұйғарым шығарады. Жеке ұйғарымды басқару функцияларын атқаратын тиісті ұйымдарға, лауазымды немесе өзге де тұлғаларға жібереді. Олар өз тарапынан қолданған шаралар туралы бір ай мерзімде хабарлауға міндетті. Сонымен қатар, соттар мемлекеттік және жеке сот орындаушыларға қатысты жекеше ұйғарымды тиісті ден қою шарасын қабылдау үшін республикалық сот орындаушылар палатасына, Жеке сот орындаушылардың өңірлік палатасына, Әділет министрлігіне жолдайды.

Әкімшілік істі қарау барысында анықталған бұзушылықтарға ден қою шарасы ретінде жекеше

ұйғарым сот шешімінде анықталған бұзушылықтарды қайталамауға тиіс. Сот орындаушыларға жекеше ұйғарым шығару кезінде төмендегі факторлар ескеріледі.

Бірінші, бір атқарушылық іс жүргізу шеңберінде сот орындаушының заңнама нормаларын жүйелі түрде бұзуы. Екіншіден, атқарушылық іс жүргізу тараптары үшін бұзушылық салдарынан туындаған елеулі құқықтық салдарлар. Үшіншіден, атқарушылық әрекеттерді жасау кезінде азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуы.

Соттар істі қарау кезінде процестік заңнама нормаларының бұзылуы анықталған жағдайда ақшалай өндіріп алу түріндегі процестік мәжбүрлеу шаралары қолданылады. Егер, ӘРПК-нің 127-бабына сәйкес, сот процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе міндеттерді орындамайтын тұлғадан, оның ішінде сотпен белгіленген мерзімді дәлелсіз бұза отырып, дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайда, бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, әрбір әрекет (әрекетсіздік) үшін 10 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа мерзімінде хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақытылы бермегені, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны үшін сот 20 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Сот орындаушылар әрекетіне шағымдану туралы даулар санаты бойынша көбіне жауапкерге ақшалай өндіріп алу мынадай себептерде қолданылады: пікірді уақытылы ұсынбау, атқарушылық іс жүргізу материалын уақытылы ұсынбау, атқарушылық материалын толық бермеу, дәлелді себепсіз сот отырысына келмеуі (не онлайн форматта қосылмауы).

Қазіргі таңда жеке сот орындаушылардың қызметін жетілдіріп, өзекті проблемалық мәселелерді шешуде жеке сот орындаушылар палатасымен бірлесіп дөңгелек үстел, семинар ұйымдастырылуда. Сондай-ақ сот орындаушылардың жауапкершілігін күшейту, өкілеттілігін асыра пайдаланбау секілді мәселелер де реттеліп, оң нәтижесін беруде.

Сот билігінің Ата Заңымызбен белгіленген негізгі мақсаты – сот төрелігін жүзеге асыру. Бұл бағытта жаңашылдықтар мен сот жүйесіне сенімділік жаңа серпін беретіні анық.

# ЭКСАУМАҚТЫҚ СОТТЫЛЫҚ СЕНІМДІ АРТТЫРАДЫ



**Перизат САФАРБАЕВА,**  
*Шымкент қаласының  
ауданаралық  
азаматтық істер  
бойынша сотының  
судьясы*

ЕЛ ЗАҢДАРЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР МЕН  
ӨЗГЕРІСТЕР ХАЛЫҚ МҮДДЕСІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН.  
СОНДЫҚТАН, СОТ САЛАСЫНДА ҚОЛҒА АЛЫНҒАН  
РЕФОРМАЛАР МЕН ЖАҢА ЖОБАЛАР АЗАМАТТАРДЫҢ  
ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҒЫН МІНСІЗ ҚОРҒАУ,  
СОЛ АРҚЫЛЫ ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ  
МАҚСАТЫН КӨЗДЕЙДІ. ТАРАПТАРДЫҢ УАҚЫТЫ МЕН  
ҚАРЖЫСЫНЫҢ ҮНЕМДЕЛУІНЕ, СОНДАЙ-АҚ, ӘУРЕ-  
САРСАҢҒА ТҮСПЕУІНЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАЙТЫН ӨЗГЕРІСТІҢ  
БІРІ РЕТІНДЕ ЭКСАУМАҚТЫҚ СОТТЫЛЫҚ ПРИНЦИПІН  
АЙТУҒА БОЛАДЫ.

**Б**ұдан әрі нақтыласақ, Азаматтық процесік кодекстің 32-бабымен азаматтарға өзара келісім бойынша істі сот талқылауына дайындау сатысында осы іс үшін, оның ішінде соттың іс жүргізуінде жатқан істер бойынша аумақтық соттылықты өзгерту, яғни, эксаумақтық соттылықты таңдау мүмкіндігі берілген. Бірақ, бұл мәселеде ескерерлігі, осы кодекстің 31-бабында белгіленген соттылық тараптар келісіп тұрса да өзгертуге жатпайды.

Республикамыздың барлық деңгейлі соттарында істер автоматтандырылған жүйе арқылы бөлінеді. Бұл жүйе аумақтан тыс соттылық қағидатын жүзеге асыруға өте ыңғайлы. Эксаумақтық соттылықты пайдалану тараптардың міндеті емес, құқығы екенін білген жөн. Азаматтық іс қозғалғаннан кейін оны сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарылады. Ұйғарыммен тараптардың эксаумақтық соттылықты қолдану мүмкіндігі түсіндіріледі. Осыған орай тараптар өз құқықтарын пайдаланып, аумақтан тыс соттылықты қолдануға өтінішхат келтіре алады.

Эксаумақтық соттылықты тараптар шартта немесе қосымша келісімде арнайы тармақпен белгілейді. Келісім сот істі іс жүргізуге қабылдағанға немесе сот талқылауы аяқталғанға дейін рәсімделу қажет. Кеңірек айтсақ, істің эксаумақтық соттылық тәртібінде қаралғанын қалаған тараптар бұл туралы өтініш хат береді. Оны қабылдаған «Төрелік» ақпараттық жүйесі жүктемесі аз, қарау құзыретіне дәл осындай істер кіретін соттарға бағыттайды. Осыдан кейін өндірістегі істің эксаумақтық соттылық бойынша қайда бөлінгені туралы анықтама дайындалады. Осы электрондық іс сол күні электрондық қолтаңбамен ақпараттық жүйе таңдаған сотқа жіберіледі.

Істерді автоматты түрде бөлу жүйесі (АТД) екі тараптың келісімімен талапты республиканың барлық соттары бойынша дау орнымен байланыстырмай қарауды қамтамасыз етеді. Эксаумақтық соттылық аясында азаматтық істерді бөлуде соттардың жүктемесі мен мамандандырылуы ескеріледі. Эксаумақтық соттылық қағидатына сай, талап қою немесе азаматтық іс республиканың барлық соттары арасында бөлінеді. Мәселен, талапкер мен жауапкердің Түркістанда болуы талаптың Өскеменде қаралуына кедергісін тиігзбейді. Соттың тарап-

тардың орналасқан жерінен қашықтығы ешқандай қиындық туғызбайды, өйткені олар бейнеконференц байланыс арқылы онлайн режимде процеске қатыса алады.

Осы тұста айтып өтерлігі, бұрыннан қалыптасқан ортақ тәртіпке, сондай-ақ, Азаматтық процесік кодекстің талаптарына сәйкес, азаматтық істер аудандық, қалалық және оларға теңестірілген соттарда қаралып, шешіледі. Соған сай, талап қою жауапкердің тұрғылықты жеріндегі соттың өндірісіне түседі. Аумақтық соттылық түрлері АПК-нің 30, 31, 32-баптарымен белгіленген. Жаңашылдық өз кезегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сот жүктемесінің біркелкі бөлінуіне ықпал етеді.

Соттылықта бірінші сатыдағы соттарда қаралуға жататын істерді құзыреттілігі бойынша бөліп, азаматтық істі қарауға тиісті сот нақты белгіленеді. Өзінің келісімінсіз заңда көзделген соттылық өзгертілмейді. Ведомстволық соттылық пен айрықша соттылықты тараптардың келісімімен өзгертуге болмайды. Эксаумақтық соттылық республика бойынша бірінші саты сотын, оның мамандануын, яғни, аудандық, экономикалық, ювеналдық, т.б. ескерілетін таңдау туралы шарт. Бүгінде азаматтық істердің басым бөлігі онлайн қаралады, тараптар нақты аумаққа байланыссыз сот арқылы қорғау құқығын іске асырады.

Азаматтық істің ел аумағындағы кез келген сотта қаралуы жергілікті билік, т.б. тарапынан орын алуы мүмкін ықпалды азайтып, соттардың тәуелсіздігі мен бейтараптығын арттырады. Сондай-ақ, жоғарыда айтқанымыздай, эксаумақтық соттылықтың республиканың барлық соттары бойынша сот жүктемесін біркелкі тең бөлу секілді артықшылықтары бар. Сонымен қатар, эксаумақтық соттылық азаматтық іс жүргізу заңдылығын барынша жетілдіруге бағытталған.

Осы себепті, бұл норма азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтады деуге толық негіз бар. Өйткені, істің тараптар білмейтін аумақта қаралуы тамыр-таныстыққа жол бермейді. Әрі мұндай бастама ірі қалалар мен облыс орталықтарындағы жүктемені айтарлықтай жеңілдетеді. Соның арқасында ірі соттардағы судьялардың ауыр, күрделі істерге тереңірек көңіл бөлуіне мүмкіндік туады.

# ИСПРАВИТЬ ОСТУПИВШИХСЯ



**Жанар ЕНСЕБАЕВА,**  
*судья суда №2*  
*г. Усть-Каменогорска*

**УГОЛОВНЫМ КОДЕКСОМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЛЯ ЛИЦА, ПРИЗНАННОГО ВИНОВНЫМ В СОВЕРШЕНИИ  
ПРЕСТУПЛЕНИЯ, ПРЕДУСМОТРЕНЫ СЛЕДУЮЩИЕ  
ВИДЫ НАКАЗАНИЙ: ШТРАФ, ИСПРАВИТЕЛЬНЫЕ  
РАБОТЫ, ПРИВЛЕЧЕНИЕ К ОБЩЕСТВЕННЫМ РАБОТАМ,  
ОГРАНИЧЕНИЕ СВОБОДЫ, ЛИШЕНИЕ СВОБОДЫ.**

**С**огласно ст. 43 Уголовного кодекса РК, общественные работы состоят в выполнении осужденным не требующих определенной квалификации бесплатных общественно полезных работ, организуемых местными исполнительными органами.

Продолжительность общественных работ, измеряемая в часах, составляет за уголовные проступки срок от 20 до 200 часов, за преступления небольшой и средней тяжести – срок от 200 до 1 200 часов.

При этом, общественные работы отбываются не более четырех часов в день с освобождением осужденного на время их отбывания от выполнения трудовых обязанностей по месту основной работы либо в свободное от учебы время.

Осужденным, не имеющим постоянного места работы и не обучающимся в учебных заведениях, общественные работы выполняются до восьми часов в день, но не более сорока часов в неделю.

Не назначается привлечение к общественным работам беременным женщинам, женщинам, имеющим малолетних детей в возрасте до трех лет, мужчинам, воспитывающим в одиночку малолетних детей в возрасте до трех лет, женщинам в возрасте 58 и свыше лет, мужчинам в возрасте 63 и свыше лет, лицам с инвалидностью первой или второй группы, военнослужащим.

После вступления приговора суда в законную силу, он направляется на исполнение в службу пробации по месту жительства осужденного и об-



рашается к исполнению не позднее десятидневного срока со дня поступления в службу пробации.

Служба пробации при исполнении наказания в виде привлечения к общественным работам ведет учет осужденных; разъясняет им порядок и условия отбывания наказания, а также контроля за его отбыванием; контролирует исполнение общественных работ, организуемых местными исполнительными органами; один раз в месяц проводит с осужденным профилактическую беседу; в отношении осужденного, скрывшегося с целью уклонения от отбывания наказания, осуществляет первоначальные розыскные мероприятия и вносит в суд представление об объявлении в розыск.

Местные исполнительные органы при исполнении наказания в виде привлечения к общественным работам обязаны: незамедлительно уведомлять службу пробации о получении приговора суда и принятии его к исполнению; вести табель учета отработанного времени, составлять акты выполненных работ и направлять их в службу пробации не позднее последнего дня текущего месяца; информировать службу пробации о поведении осужденного; уведомлять службу пробации об уклонении осужденного от отбывания наказания.

Неисполнение должностными лицами местных исполнительных органов при исполнении наказания в виде привлечения к общественным работам обязанностей, влечет ответственность, установленную законом.

Предоставление осужденному очередного отпуска по основному месту работы не приостанавливает исполнение общественных работ.

При наступлении беременности осужденной в период отбывания наказания служба пробации вносит в суд представление об отсрочке ей отбывания наказания со дня предоставления отпуска по беременности и родам.

Если обстоятельства, препятствующие отбыванию наказания возникли в процессе исполнения приговора, в частности при установлении осужденному инвалидности первой или второй группы, служба пробации вносит в суд представление об освобождении его от дальнейшего отбывания наказания.

Осужденный обязан: соблюдать установленные настоящим Кодексом порядок и условия отбывания наказания; выполнять работы, организуемые местными исполнительными органами в общественных местах; ставить в известность службу пробации о перемене места жительства; один раз в месяц являться в службу пробации для регистрации и участия в профилактической беседе.

За нарушение осужденным порядка и условий отбывания наказания в виде привлечения к общественным работам служба пробации в письменном виде предупреждает его об ответственности, предусмотренной Уголовным кодексом Республики Казахстан.

Злостно уклоняющимся от отбывания наказания в виде привлечения к общественным работам признается осужденный, отказавшийся приступить к выполнению наказания в виде общественных работ либо не явившийся более двух раз в течение месяца на общественные работы без уважительных причин, к которым относятся болезнь и другие причины, препятствующие выполнению общественных работ, подтвержденные документально; дважды в период отбывания наказания появившийся в состоянии алкогольного, наркотического или токсикоманического опьянения, подтвержденном медицинским освидетельствованием, либо, при отсутствии такой возможности, – комиссионным актом работодателя; скрывшийся с целью уклонения от отбывания наказания; выехавший за пределы РК, что служит основанием для замены наказания другим.

Суд рассматривает представление службы пробации и в случае подтверждения факта уклонения от общественных работ они заменяются: осужденным за уголовный проступок – арестом из расчета одни сутки ареста за четыре неотработанных часа общественных работ; осужденным за преступление – ограничением свободы либо лишением свободы из расчета один день ограничения свободы или лишения свободы за четыре неотработанных часа общественных работ.



# ОФОРМЛЕНИЕ АВАРИИ ПО ЕВРОПРОТОКОЛУ



**Алия БИСЕНАЛИНА,**  
*судья Специализированного  
межрайонного суда  
по административным  
правонарушениям города  
Актобе Актыбинской области*

**ЗАДАЧАМИ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН НА ТРАНСПОРТЕ И В ДОРОЖНОМ  
ХОЗЯЙСТВЕ ЯВЛЯЮТСЯ ОБЕСПЕЧЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ  
ДОРОЖНОГО ДВИЖЕНИЯ, ЗАЩИТА ЗДОРОВЬЯ  
НАСЕЛЕНИЯ И ЛИКВИДАЦИЯ ПОСЛЕДСТВИЙ  
ДОРОЖНО-ТРАНСПОРТНЫХ ПРОИСШЕСТВИЙ.**

**П**од безопасностью дорожного движения понимается состояние дорожного движения, отражающее степень защищенности его участников от дорожно-транспортных происшествий и их последствий, а также от негативных воздействий дорожного движения на экологическую обстановку, здоровье населения.

Правонарушения на транспорте являются наиболее опасными, могут повлечь наступление тяжелых последствий и создать реальную угрозу жизни и здоровью не только для самого лица, привлекаемого к административной ответственности, но и других граждан, поэтому дела данной категории требуют более ответственного подхода при их рассмотрении.

Административная ответственность за правонарушения в сфере транспорта и дорожного хозяйства предусмотрена ст. ст. 559 – 635 гл. 30 Кодекса РК об административных правонарушениях (всего 75 статей). Большинство данных статей являются бланкетными, предусматривают ответственность за нарушения ПДД, совершенные при различных обстоятельствах. Из указанных 75 составов правонарушений судам подсудны – 16. В частности, ст. 563 (ч. 2), ст. 564 (ч. 5), ст. 569 (ч. 1, 2 и 4), ст. 590 (ч. 2-1, 4, 4-1), ст. 596 (ч. 3), ст. 603 (ч. 1 и 2), ст. 606 (ч. 2), ст. 607 (ч. 2), ст. 608, ст. 610, ст. 611 (ч. 2 и 3), ст. 612 (ч. 3, 4-1), ст. 613 (ч. 1, 3, 3-1, 4, 5, 9, 10 и 11), ст. 615 (ч. 2), ст. 618, ст. 621 (ч. 3).

Остальные составы правонарушений по данной главе рассматриваются органами внутренних дел, военной полиции, государственных доходов, уполномоченным органом в области транспорта и коммуникаций, а также уполномоченным органом по регистрации сельскохозяйственной техники.

Транспортные правонарушения носят весьма распространенный характер и составляют значительное количество рассматриваемых судами дел. В связи с этим, требуется тщательный подход к изучению материалов дел и, как следствие, правильное их разрешение в соответствии с законодательством об административных правонарушениях.

Основная масса рассматриваемых дел о правонарушениях на транспорте и в дорожном хозяйстве приходится на ч. 1 ст. 610 КоАП.

Объективная сторона правонарушения, предусмотренного ч. 1 ст. 610 КоАП, выражается в противоправных действиях, нарушающих правила дорожного движения, повлекшие повреждение

токола при незначительных авариях, без вызова полицейских.

Необходимым условием оформления европротокола является:

- в ДТП участвуют только два транспортных средства;
- у участников ДТП отсутствуют разногласия по поводу того, кто является виновной стороной, а кто пострадавшей;
- наличие страхового полиса у обоих водителей;
- пострадало лишь транспортное средство;
- оба водителя согласны с размером страховой выплаты (сумма ущерба не должна превышает 100 МРП = 369 200 тенге).

Оформление ДТП возможно через мобильное приложение «Европротокол», которое доступно к скачиванию в App Store и Google Play по адресам: <https://apps.apple.com/kz/app/europrotocol-app/id6470774500><https://play.google.com/store/apps/details?id=kz.ipgf.europrotocol.android>.



транспортных средств, грузов, дорог, дорожных и других сооружений; повреждение иного имущества, причинившее материальный ущерб.

Санкция данной статьи предусматривает административное взыскание в виде административного штрафа в размере 20 МРП (20 МРП x 3 692 = 73 840 тенге) или лишение права управления транспортным средством на срок до шести месяцев.

Необходимо отметить, что Министр внутренних дел РК приказом от 30 июня 2023 года утвердил новые Правила дорожного движения, основные положения по допуску транспортных средств к эксплуатации.

В целом, Правила дорожного движения остались прежними.

Вместе с тем, изменен пункт оформления дорожно-транспортного происшествия, который предусматривает применение европейского про-

И самое главное: мобильные номера участников ДТП должны быть зарегистрированы в Базе мобильных граждан.

Скачать приложение «Европротокол» и заполнить сведения по ДТП необходимо обоим участникам ДТП, при этом оба водителя не должны покидать место происшествия до получения ими уведомления от страховщиков о принятии документа, то есть, «Европротокол» – это упрощенное оформление документов о ДТП, которое осуществляется без участия сотрудников полиции.

Данное новшество экономит время и широко применяется в различных странах, вместе с тем, с учетом количества дел поступающих с начала года по ст. 610 КоАП, которое не намного уменьшилось, можно сделать вывод о незначительном его использовании, возможно, это связано с разногласиями по сумме ущерба.

# МЕМЛЕКЕТ КІРІСІНЕ ӨНДІРУ ШАРАЛАРЫ



**Ақмарал ЖАЛИНОВА,**  
*Ақтөбе облысының  
Жеке сот орындаушылары  
өңірлік палатасының  
жеке сот орындаушысы*

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖОЛЫМЕН АЛЫНҒАН  
МҮЛІКТІ НЕМЕСЕ ОНЫҢ ҚҰНЫН, СОНДАЙ-АҚ, ЗАҢСЫЗ  
КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕР ШЫҒЫНЫН ОРНЫНА КЕЛТІРУ  
МЕН САЛЫҚ БЕРЕШЕГІН ТӨЛЕУДЕН БАС ТАРТЫЛҒАН  
ЖАҒДАЙЛАРДА ОЛАРДЫ ӨНДІРУ ПРОКУРОР,  
МЕМЛЕКЕТТІК КІРІС ЖӘНЕ БҰҒАН УӘКІЛЕТТІГІ БАР  
МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН ЛАУАЗЫМДЫ  
АДАМДАРДЫҢ ТАЛАП ҚОЮЫМЕН ЗАҢДЫ КҮШІНЕ  
ЕНГЕН СОТ ШЕШІМІМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ. АЛ СОТ  
ШЕШІМІ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ОРЫНДАЛУЫ КЕРЕК.**

**Б**ұл тақырыпты қозғап отырғанымыз, мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы құжаттардың сапалы және уақытылы орындалуы қамқорлыққа зәру әлеуметтік әлсіз топтар үшін пайдасы зор. Өйткені, мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бюджет қаражатының көбеюіне ықпал етеді. Яғни, мемлекеттің бюджеті елдегі табыс көзінен бөлек, азаматтардан түсетін салықтар мен айыппұлдар есебінен толады. Сол үшін мемлекет пайдасына өндірілетін берешекті дер кезінде қайтару атқарушылық іс жүргізудің маңызды бөлігі саналады. Өкінішке қарай, арамызда өз міндетіне немқұрайдылық танытатын замандастарымыз жетерлік. Олар көбінесе берешегін сан түрлі сылтаумен өтемей жүріп алады. Мұндай кезде оларға заңмен белгіленген шаралар қолданылады.

Негізінен бұл тұрғыдағы атқарушылық іс жүргізудің көпшілігі соттар мен уәкілетті органдарда салынатын әкімшілік айыппұлдардан тұрады. Мысалы, мемлекет кірісіне мәжбүрлеп өндірілетін ақша сомалары, атап айтқанда айыппұлдар, салық қарыздары және т.б., сонымен қатар, заңсыз салынған құрылыстарды бұзу, үй-жайдан мәжбүрлеп шығару, басқа да мүліктік емес сипаттағы атқару құжаттары жатады. Мысалы, бүгінде мемлекет алдында берешегі барлардың басым бөлігін автокөлік иелері құрайды. Олар көліктерінің салығын, сондай-ақ, жол ережесін бұзғаны үшін салынған айыппұлды дер кезінде төлеуге асықпайды. Әкімшілік құқықбұзушылық жасағандар айыппұлды ел заңнамасында айқындалған тәртіппен төлеуі керек. Атқару құжаты орындауға түскеннен кейін заңнама талаптарының шеңберінде үш жұмыс күнінен кешіктірілмей атқарушылық іс жүргізу қозғалады немесе одан бас тартылады әрі бұл туралы қаулы шығарылады.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 893-бабында көрсетілгендей, әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға айыппұлды айыппұл салу туралы қаулы, оны төлеу жөнінде нұсқама заңды күшіне енген соң бір ай ішінде төлеуге міндетті. Егер айыппұлды төлеу аталған кодекстің 888-бабына сәйкес кейінге қалдырылса, ол осы мерзім өтісімен өтелуі керек. Яғни, әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлға кейінге қалдырылған уақыт бітісімен берешегін төлеуге кірісуі тиіс.

Жоғарыда аталған кодекстің 894-бабының 3-бөлігіне сүйенсек, онда «Егер айыппұл салынған жеке тұлға жұмыс істемейтін болса немесе басқа да себептер бойынша айыппұлды жалақысынан

немесе өзге де табыстарынан өндіріп алу мүмкін болмаса, қаулыны шығарған сот, уәкілетті орган айыппұл салу туралы қаулыны, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп орындату үшін сот орындаушысына жібереді» деп нақтыланған. Айыппұл уақытылы және ерікті түрде төленбеген жағдайда құзырлы органдар осы заңдылыққа жүгінеді.

Құқық бұзушы өз міндетін ерікті түрде орындаудан бас тартқан жағдайда оған мәжбүрлеп орындату туралы шешім қабылданады. Яғни, сот орындаушысына келіп түскен атқарушылық құжат Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңның 31-бабына сәйкес, мәжбүрлеп орындатуына негіз болады. Осы заңның 32-бабының талабы сот орындаушысын атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға міндеттейді.

Борышкерлермен жұмыс кезінде мәселелер туындамау үшін оларға бұрынғы және қазіргі қарыздарын мәжбүрлеу шараларын қолданғанға дейін төлеуге кеңес беріледі. Мәжбүрлеп орындату шараларына келсек, бұған борышкердің өзіндегі, сондай-ақ, өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы мүлкіне, соған байланысты оның белгілі бір іс-әрекеттер жасауына тыйым салу, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыру, орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту тұрғысынан сотқа ұсыныстар енгізу, т.б. кіреді.

Атқарушылық құжатты орындамағандарға әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Бұған қоса өндіріп алушы мен борышкер сот орындаушысының атқарушылық құжаты орындау жөніндегі шешімі мен әрекетіне-әрекетсіздігіне немесе өзге әрекеттер жасаудан бас тартуына сотқа шағымдануға құқылы. Мұндай шағым сотқа әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамада белгіленген тәртіппен беріледі.

Мемлекет пайдасына шығарылған атқару құжаттарының орындалуына жеке сот орындаушылармен қатар барлық құзырлы органдар белсенділік танытуы тиіс. Біздің облыста Жеке сот орындаушылар палатасы Ішкі істер басқармасымен, Мемлекеттік кіріс департаментімен, т.б. құзырлы органдармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Бұл өз кезегінде заңсыздықтарға жол бергендердің, заңды айналып өтуге тырысатындардың жолын кесуге мүмкіндік туғызады. Мемлекет пайдасына өндірілетін сомаларды төлету бойынша күш біріктірудің пайдасы зор екенін уақыттың өзі көрсетіп отыр.

# ЖЕКЕШЕ АЙЫПТАУ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



**Ғалымжан НҰРЛЫҚҰЛОВ,**  
Жамбыл облыстық  
сотының судьясы

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖОЛЫН  
КЕСУ, ОЛАРДЫ БЕЙТАРАПТЫҚПЕН, ТЕЗ ЖӘНЕ  
ТОЛЫҚ АШУ, ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ, ОЛАРДЫ ЖАСАҒАН  
АДАМДАРДЫ ӘШКЕРЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ  
ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТARTУ, ӘДІЛ СОТ ТАЛҚЫЛАУЫ ЖӘНЕ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢДЫ ДҰРЫС ҚОЛДАНУ, АДАМДАРДЫ,  
ҚОҒАМДЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІ ҚЫЛМЫСТЫҚ  
ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАРДАН ҚОРҒАУ ҚЫЛМЫСТЫҚ  
ПРОЦЕСТІҢ МІНДЕТТЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

**К**ылмыстық процесті жүргізетін орган қылмыстық процеске қатысатын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, оларды жүзеге асыру үшін жағдай жасауға, қылмыстық процеске қатысушылардың заңды талаптарын қанағаттандыруға уақытылы шаралар қолдануға міндетті.

Жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтың сипатына және ауырлығына қарай қылмыстық қудалау мен сотта айыптау жекеше, жекеше-жариялы және жариялы тәртіппен жүзеге асырылады.

Бұл ретте жекеше айыптау шағымдары бойынша іс жүргізу тәртібі мен ерекшеліктері ҚР Қылмыстық процестік кодексінің 47-тарауында толығымен белгіленген және бұл қылмыстық іс жүргізудегі заң нормаларын қалай қолдану керектігі жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Жеке айыптау істері бойынша сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 13 нормативтік қаулысында түсіндірілген.

ҚПК-нің 32-бабы 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқықбұзушылықтар туралы істер жекеше айыптау істері болып есептеледі. Осы істер бойынша іс жүргізу жәбірленушінің шағымы бойынша ғана басталады және оның айыпталушымен, сотталушымен татуласуына орай тоқтатылуға жатады.

Жекеше айыптауды тұлға (жәбірленуші) сотқа, соттылық туралы қағидаларды сақтай отырып, адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы

шағым беру арқылы қозғайды. Егер мұндай шағым анықтау органына, тергеушіге немесе прокурорға берілген болса ол сотқа жіберілуге жатады. Осы тұрғыда жергілікті соттар жекеше айыптаумен байланысты істер бойынша қолданылатын заңнамалардың талаптарын дұрыс қолдану керек. Себебі, мұндай істер бойынша шағымдарды іс жүргізуге қабылдаудан негізсіз бас тарту және оларды қайтаруда заңның талаптарын дұрыс қолданбаудан, азаматтардың сот төрелігіне қол жетімділігі қамтамасыз етілмей, олардың конституциялық құқықтарының бұзылуына алып келеді.

Жеке айыптау істері бойынша іс жүргізу тәртібі осы ҚПК-нің 407-413-баптарында белгіленген. Осы кодекстің 408-бабы 2-бөлігінің талабы бойынша шағымда ол берілген соттың атауы, қылмыстық құқықбұзушылық оқиғасының сипаттамасы, дәлелдемелері көрсетіле отырып, оның жасалған орны мен уақыты, сотқа істі іс жүргізуге қабылдау туралы өтіну, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адам туралы мәліметтер; сотқа шақырылуы қажетті куәлардың тізімі қамтылуы тиіс. Егер шағымға талап арыз және талап қоюдың талаптарын растайтын қажетті материалдар қоса берілсе, шағымда азаматтық талап қоюды қарау туралы өтіну де қамтылуы мүмкін.

Шағым сотқа істің аумақтық тұрғыдағы соттылығына сәйкес, өздеріне қатысты жекеше айыптау ісі қозғалатын адамдардың санына қарай көшірмелерімен бірге беріледі.



Егер жекеше айыптауды бірнеше тұлға нақ бір адамға қатысты қозғаса, олар бір шағымды бірлесіп немесе әрқайсысы бір-бірінен тәуелсіз жеке түрде бере алады. Нақты бір қылмыстық жазаланатын іс-әрекетке қатысты жекеше айыптауды қозғауға бірнеше тұлға құқықты болса және ол олардың біреуінің арызы бойынша қозғалған болса, қалған тұлғалар басталып кеткен іс жүргізуге қатысуға құқылы. Бұл жағдайда көрсетілген тұлғалардың әрқайсысының арызы бойынша өз алдына іс қозғау талап етілмейді.

Сондай-ақ, егер бұл іс жүргізу қозғалған қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттің нысанасына байланысты болса, айыпталушы айыптаушыға қарсы айыптау білдіруге (шағым беруге) құқылы. Айыптау және қарсы айыптау бір мезгілде шешілуге тиіс. Бұл ретте айыптауды кері қайтарып алу қарсы айыптау бойынша іс жүргізуге әсер етпейді. Егер жекеше айыптау бұрын кері қайтарып алынған болса, ол қайтадан ары қарай қозғалмайды.

Сот шағымды өзінің іс жүргізуіне қабылдаған кезден бастап оны берген тұлға жекеше айыптаушы және жәбірленуші болып табылады және оларға заңда көзделген құқықтар түсіндіріледі, бұл туралы судья және шағым берген тұлға қолдарын қойған хаттама жасалады.

Егер берілген шағым осы кодекстің 408-бабының 2-бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе, судья өзінің қаулысымен оны берген тұлғаға шағымды осы талаптарға сәйкес келтіруді ұсынады және бұл үшін қисынды мерзім белгілейді. Нұсқау орындалмаған жағдайда судья өзінің қаулысымен шағымды іс жүргізуге қабылдаудан бас тартады және оны берген тұлғаны бұл туралы хабардар етеді. Көрсетілген мән-жай бойынша шағымды қабылдаудан бас тарту қылмыстық жауаптылықтың ескіру мерзімі біткенше сотқа осындай шағымды қайтадан беруге кедергі келтірмейді.

Осы ретте айта кететін жайт, жоғарыда аталып өткен ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 3-тармағында көрсетілгендей, шағымда көрсетілген әрекеттерде қылмыстық құқықбұзушылық құрамының немесе оқиғасының болмауына байланысты, соның ішінде жасалған әрекет маңызды емес, дәлелдемелер жоқ, шағымға бұрынғы соттылығы, айыпталушының психикалық жағдайы туралы және басқа да мәліметтер тіркелмегенін негізге алып соттар шағымды іс жүргізуіне қабылдамауға құқылы.

Сонымен қатар, аталған қаулының 7-тармағында қылмыстық қудалау органдарынан түскен немесе тікелей сотқа нақты арызданушымен жіберілген шағым бойынша судья жәбірленушіні шақыртып және ол тұлғаны қылмыстық жауапқа тарту туралы шағымда көрсетілген өз өтінішін қолдай ма жоқ па, сондай-ақ оның дұрыс шешілуін қамтамасыз ететін басқа да мән-жайларды анықтауы тиіс екендігі көрсетілген.

Судья жекеше айыптау ісі бойынша шағымды қарап, үш тәулік ішінде: шағымды өзінің іс жүргізуіне қабылдау туралы; шағымды оның тергеулігі немесе соттылығы бойынша беру туралы; шағымды іс жүргізуге қабылдаудан бас тарту туралы қаулы шығарады. Егер шағым осы кодекстің 408-бабының 2-бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес келсе және сол соттың соттылығына жататын болса, сот оны өз іс жүргізуіне қабылдайды.

Егер шағым сол соттың соттылығына жатпаса немесе онда адамды осы кодекстің 32-бабының 2-бөлігінде көрсетілмеген өзге іс-әрекеттерді жасады деп айыптау туралы өтіну болса, судья өз қаулысымен шағымды тиісінше – соттылығы бойынша сотқа немесе тергеулігі бойынша қылмыстық қудалау органына жібереді.

Бұл ретте шағымның авторы судьяның шағымды заң талабына сәйкес келтіру керек деген нұсқауын орындамаса не осы кодекстің 35-бабында көзделген, қылмыстық қудалаудың басталуы мүмкін болмайтын мән-жайлардың бар екені анықталса, судья өз қаулысымен шағымды қабылдаудан бас тартып, көшірмесі тараптарға жіберіледі. Сондай-ақ сот отырысын тағайындау үшін негіздер болған ретте судья шағым сотқа келіп түскен күннен бастап жеті тәулікке дейінгі мерзімде өзіне қатысты шағым берілген тұлғаны шақырып, оны іс материалдарымен таныстыруға, берілген шағымның көшірмесін табыс етуге, сотталушының сот отырысындағы осы кодекстің 65-бабында көзделген құқықтарын түсіндіріп, бұл туралы одан қолхат алынады.

Судья жекеше айыптаушыдан және сотталушыдан олар сотқа шақыратын куәлардың тізімін беруін талап етеді. Өзіне қатысты шағым берілген адам сотқа келмеген жағдайда, шағымның көшірмесі сотталушының құқықтары, сондай-ақ қорғаушы куәларының тізімін сотқа ұсыну қажеттігі түсіндіріліп, поштамен не басқа байланыс құралдары арқылы жібереді.



Судья тараптарға татуласу, оның ішінде медиация тәртібімен татуласу мүмкіндігін түсіндіруге міндетті. Егер олардан татуласу туралы арыз немесе медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісім түскен болса, іс бойынша іс жүргізу осы кодекстің 35-бабы 1-бөлігінің 5) тармағы негізінде судьяның қаулысымен тоқтатылады. Егер тараптардың арасында татуласуға қол жеткізілмесе, судья істі сот отырысында қарауды тағайындайды.

Жекеше айыптау ісін сот отырысында қарау, осы кодекстің 411-бабында белгіленген алып қоюларды қоспағанда сот талқылауының жалпы қағидалары бойынша жүргізіледі. Жекеше айыптау жөніндегі

істі қарап, судья ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің қағидаларын басшылыққа ала отырып, мына шешімдердің бірін қабылдайды: 1) айыптау немесе ақтау үкімін шығарады; 2) істі тоқтатады; 3) жариялы немесе жекеше-жариялы тәртіппен қудаланатын қылмыстық құқық бұзушылық белгілері анықталған кезде істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу туралы мәселені шешу үшін тиісті прокурорға жібереді.

Соттың жекеше айыптау ісі бойынша шығарған мұндай шешімдеріне тараптар осы кодексте көзделген тәртіп пен мерзімде жалпы негіздерде шағым жасай алады.

## Оқи отырыңыз

# САРЫ ШУАШ ШЕШЕН

Найманнан шыққан Сары Шуаш деген кісі шешен болыпты. Бірақ өңі қораш, қортықтау кісі екен. Сол бір күні керей ер Жәнібектің ауылына құн даулап келіпті. Оны Жәнібек қомсынып, былай депті:

*– Сен кемиек ауыз, жарғақ құлақ,  
Жылқыға суат болмас ылайсың,  
Астыңа ала шолақ ат берсе,  
Алты ай мініп арытпассың,  
Қолыңа қырық кез оқ берсе,  
Дұшпанға бірін атып дарытпассың.  
Сен би болып та жарытпассың.  
Менің дауысым Қазыбекке тартқан.  
Сүйегім Шақшақ Жәнібекке тартқан.  
Сен мына түріңмен не үміт қылып  
келдің?*

Сонда Сары Шуаш би:

*– Сен де құдайдың құлы екенсің,  
Керейден мойның асып тұр екенсің.  
Дауысың Қазыбекке тартса,  
Сүйегің Шақшақ Жәнібекке тартса,  
Өзіміздің арғын ағаның ұлы екенсің! –  
депті.*

Жәнібек «жарайсың» деп арқаға қағыпты. Сөзден жығып, Сары Шуаш би бітім алып қайтыпты. Ер Жәнібектің «дауысым Қазыбекке тартқан» дегені – нағашысы қаракесек болса керек. «Сүйегім шақшақ Жәнібекке тартқан» дегені, ол өзін Жәнібектен тудым деп санайды екен.

# ӘРБІР ІСТЕ ТҮРЛІ ТАҒДЫР БАР



**Әсет УТЕНОВ,**  
*жеке сот орындаушы,  
Ақтөбе облысы*

СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН. ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР МЕМЛЕКЕТІК БЮДЖЕТТЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛМАЙДЫ. СОНДЫҚТАН ОЛАР АЙЛЫҚ КҮТІП ҚАРАП ОТЫРМАЙДЫ, ЖҰМЫСТАРЫ ҚАШАН ДА ҚАУЫРТ. КАБИНЕТТЕРІНЕ ЕРТЕ КЕЛІП, ҚҰЖАТТАРДЫ РЕТТЕЙДІ, ЖҰМЫС ЖОСПАРЫН ЖАСАЙДЫ. ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ДАМУЫНА ОРАЙ, ШАРУАНЫҢ КӨБІСІ КОМПЬЮТЕР АРҚЫЛЫ БІТЕДІ ДЕГЕНМЕН, ЖАЯУ-ЖАЛПЫЛАП ЖҮРІП БОРЫШКЕРЛЕРДІҢ МЕКЕНЖАЙЫН АРАЛАЙДЫ. ӨЗДЕРІН ІЗДЕП КЕЛГЕН АДАМДАРМЕН СӨЙЛЕСІП, МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ОҢ ШЕШІЛУІНЕ КЕҢЕС БЕРЕДІ. ОСЫЛАЙША, ОЛАРДЫҢ ӘРБІР КҮНІ ҚЫЗУ ТІРЛІКПЕН БАСТАЛАДЫ.

**А**қтөбе облысының жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының мүшесі, жеке сот орындаушысы Әсет Утеновтің айтуынша, олардың бір жұмыс күні екінші жұмыс күніне ұқсай бермейді. Себебі, әрбір істе түрлі тағдыр бар. Солардың әрқайсысымен тиімді жұмыс істеп, нәтижесіне жету жеке сот орындаушысынан жан-жақтылықты талап етеді.

– Біздің басты міндетіміз атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету болғандықтан, осы мақсат жолында заңмен көзделген барлық шараны қолданамыз. Алдымен заң бойынша борышкерлерді атқару парағынан хабардар етіп, оны орындау туралы ескерту жасаймыз. Көбінесе ескерту-хабарлама СМС түрінде жолданады. Мұндай кезде телефон шалып, кері байланысқа шығатындар да, мүлде елемейтіндер де бар. Хабарласқандарға мәселенің мән-жайын түсіндіреміз. Жауапкершілігі бар жандар мәжбүрлі шаралар қолдануға жеткізбей, борыштарын төлеп тастайды. Ал заң талабына мойынсұнбағандардың есеп-шоттары бұғатталып,

ел аумағынан шығуына, қандай да бір мәмілелер жасауына, көлік жүргізуіне, т.б. шектеу қойылады.

Мұндай тыйым салуларды борышкерлердің әртүрлі эмоциямен қабылдайтынын сөз еткен Әсет Ақылбекұлы соның әсерінен түрлі түсініспеушіліктер туындап, қиындықтар пайда болатынын жасырмады. Бұлардың барлығын шешіп, сот актілерінің орындалуын қамтамасыз ету жеке сот орындаушының іскерлігі мен кәсібилігіне тікелей байланысты, әрине. Өйткені, сот актілері орындалуымен құнды. Қандай әділ шешім болса да, оның орындалмауы соттың беделіне нұқсан келтіріп қана қоймайды, заңның үстемдік құруына кедергісін тигізеді.

Сондықтан, мемлекетімізде жеке сот орындаушылар жұмысының сапасына айрықша мән берілген. Айта кетерлігі, қазіргі күні елімізде мемлекеттік сот орындаушылармен қатар жеке сот орындаушылар институты қалыптасқан. Жеке сот орындаушылар қызметінің енгізілуі аталған сала жұмысының жандануына ерекше серпін беруде. Жеке сот орындаушылар тек атқарушылық іс жүр-



гізумен ғана айналыспайды, сонымен қатар, халықтың құқықтық сауаты мен мәдениетін көтеруге де атсалысып, олардың өмірден өз орындарын табуына бағыт-бағдар береді. Мысалы, жұмыссыздық салдарынан қарызын төлей алмай жүргендердің жұмысқа орналасуына жәрдем етеді. Мұндай шаралар олардың әрбір күнінің бұлжымас қағидатына айналған.

Әсет Утеповтің сөзінен байқағанымыз, жеке сот орындаушылар үшін басты проблеманың бірі – борышкерлердің атқару парағында жазылған мекенжайда тұрмайтындығы. Заңды және жеке тұлғалардың уақытша тіркелген жерін белгілеуі жеке сот орындаушының мекенжайды суретке түсіріп, акт жасауына, соның негізінде оларға іздеу жариялау үшін прокуратураға ұсыныс беруіне ұласады. Аталған орган тарапынан жеке адамға, сондай-ақ заңды тұлғаның басшысы мен құрылтайшысына іздеу салу туралы қаулы шығарылып, ол қаулы көші-қон полициясына жіберіледі. Осы аралықта, яғни, тиісті адам табылғанша, өндірістегі атқару құжатының уақытша тоқтатылатынын біреу білсе, біреу білмейді.

Ал борышкер көрсетілген мекенжайдан табылған жағдайда, жеке сот орындаушы оны іспен

таныстырып, тиісті құжаттың бір данасына қол қойдырып алады. Қарызын қасақана төлегісі келмейтіндердің жылжымалы мүліктері, мысалы, қалта телефонынан бастап, бұдан өзге құнды заттары, көлігі, т.б. саудаға шығарылатынын, одан түскен қаржымен қарыздары жабылатынын, алайда – мұндай шаралардың оңайлықпен бітпейтінін де тілге тиек етті Ә.Утепов.

«Сот актілері көбінесе мәжбүрлеу шаралары кезінде ғана орындалады» деген жеке сот орындаушының сөзінше, борышкер көлігін айып тұрағына қойған кезде ғана қарызын өтеуге әрекет етеді екен. Бұлай етпейінше жүре беретіндерді тәртіпке шақыру жеке сот орындаушылар үшін оңай шаруа еместігін ескертуге құлақ асып, міндетін өтеуге асығатындар санының аздығынан байқауға болады.

Ақтөбелік жеке сот орындаушылар борышкерлердің жағдайына түсіністікпен қарау арқылы олардың қарызды бөліп төлеуіне мүмкіндік жасайды. Қалай дегенде де жеке сот орындаушылар өздерінің кәсібилігімен борышкерлердің атқару парағын ерікті түрде орындауына ықпал етеді.



# РЕАЛИЗАЦИЯ АРЕСТОВАННОГО ИМУЩЕСТВА



**Асель ШАКИРОВА,**  
судья СМАС  
*Карагандинской области*

**ДОВЕРИЕ К СУДЕБНОЙ СИСТЕМЕ НЕВОЗМОЖНО  
БЕЗ ЭФФЕКТИВНОГО МЕХАНИЗМА ИСПОЛНЕНИЯ  
СУДЕБНЫХ РЕШЕНИЙ.**

**И**сполнение судебных актов может осуществляться с привлечением государственного судебного исполнителя или частного судебного исполнителя (частный судебный исполнитель – гражданин РК, занимающийся частной практикой по исполнению исполнительных документов без образования юридического лица на основании лицензии на право занятия деятельностью по исполнению исполнительных документов, выданной уполномоченным органом).

Ст. 74 Закона РК «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» предусмо-

трен порядок реализации арестованного имущества, кроме имущества, изъятого по закону из оборота, независимо от оснований ареста и видов имущества, за исключением имущества, указанного в п. 3 ст. 77 настоящего Закона, производится судебным исполнителем на торгах в форме электронного аукциона на единой электронной торговой площадке государственной автоматизированной информационной системы исполнительного производства либо на единой электронной торговой площадке, выбор которой осуществляется Республиканской палатой в порядке, определяемом уполномоченным органом.

Таким образом, законодательно закреплён единственный метод реализации арестованного имущества как реализация имущества на электронной торговой площадке, выбор которой осуществляется уполномоченным органом.

Данная норма закона направлена на то, чтобы при реализации арестованного имущества судебный исполнитель не имел возможности оказать влияние на ход, проведение и результат торгов, для исключения коррупционной составляющей. Также целью принятия данного пункта является и желание найти более широкий круг покупателей и, тем самым, увеличение продажной стоимости имущества. Данные цели достигнуты, имеется положительный опыт при реализации имущества на электронной торговой площадке.

Процедура проведения торгов установлена Правилами реализации арестованного имущества, в том числе на торгах в форме электронного аукциона, утвержденными приказом Министерства юстиции РК от 20 февраля 2015 года № 100. В п. п. 14, 15, 47 указанных Правил предусмотрено, что решение о выставлении арестованного имущества на электронный аукцион принимает судебный исполнитель, о чем выносит постановление, где арестованное имущество не выставляется на электронный аукцион без надлежащего уведомления или ознакомления должника и взыскателя о произведенной оценке и предоставления им десяти календарных дней для обжалования результатов оценки. Исчисление указанного срока начинается со дня уведомления или ознакомления должника и взыскателя о произведенной оценке. Исключение составляют случаи нахождения должника в розыске, что не является препятствием для обращения взыскания на его имущество. По итогам аукциона оформляется протокол, который подписывается победителем аукциона, судебным исполнителем и оператором. Протокол является основанием для заключения договора купли-продажи.

Из вышеприведенных норм следует, что только судебный исполнитель решает вопросы о назначении оценщика, вопросы о принятии данной или иной оценки при выставлении арестованного имущества на торги, ознакомления с оценкой сторон в исполнительном производстве. Поэтому оспариванию подлежит действие (бездействие) судебного исполнителя, например, действие судебного

исполнителя о назначении оценщика, действие о принятии либо отказе в принятии отчета об оценке имущества, действие по ознакомлению с оценкой и т.д.

Вынесение постановления о назначении оценщика и передача имущества должника на торги являются прерогативой судебного исполнителя. Из чего следует, что состоявшиеся торги – это действия судебного исполнителя, результатом которых, является реализация арестованного имущества должника в целях исполнения решения суда. Поэтому взыскатель или должник, не согласные с результатами торгов, вправе оспорить в суд действия (бездействия) судебного исполнителя. Сами торги не могут быть признаны недействительными, поскольку процедура проведения торгов судебным исполнителем – это не совершение им какой-либо сделки, поэтому признаваться незаконными должны действия (бездействие) судебного исполнителя.

Рассматривая жалобу, суд обязан проверить соблюдение оценщиков требований Закона «Об оценочной деятельности в Республике Казахстан» и оценить установленные обстоятельства с учетом требований ст. 257 ГК. В силу указанной нормы при прекращении права собственности имущество оценивается исходя из его рыночной цены (см. Нормативное постановление Верховного Суда РК от 31 марта 2017 года № 1 «О применении судами некоторых норм законодательства об исполнительном производстве»).

Рассматривая спор о признании действий (бездействия) судебного исполнителя незаконными суд должен дать оценку: была ли нарушена установленная законодательными актами процедура проведения торгов или нет. В понятие «нарушение процедуры» входят: подготовительные действия, проводимые судебным исполнителем в целях реализации арестованного имущества должника, в том числе при непосредственном проведении торгов.

Касательно срока на подачу иска в суд определен в пределах десяти рабочих дней, который исчисляется со дня совершения обжалуемого действия или со дня отказа в совершении. Если взыскатель или должник не были извещены о времени и месте совершения исполнительного действия или об отказе в его совершении, течение десятидневного срока начинается со дня, когда взыскателю или должнику стало известно об этом



(см. ст. 136 Административного процессуального кодекса РК).

Днем отказа в совершении определенного действия следует считать день вынесения об этом постановления судебным исполнителем. В тех случаях, когда судебный исполнитель такого постановления не выносил и не совершал фактически требуемых действий, жалоба подается на его бездействие в течение десяти рабочих дней с момента, когда взыскателю или должнику стало известно об этом.

Таким образом, сокращенный срок – десять рабочих дней, вызван тем, что исполнительное производство отделено от судебного производства, то есть идет стадия исполнения решения суда. Сроки исполнения судебных актов составляют от двух до четырех месяцев (ст. 39 Закона «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей»). Рассмотрение судами данной категории споров в более длительные сроки полагаю, будет противоречить принципу своевременности испол-

нения исполнительных документов, закрепленных в ст. 2 Закона «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей».

Задачами исполнительного производства согласно ст. 2 Закона РК «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» являются обязательное и своевременное принятие мер, направленных на принудительное исполнение исполнительных документов, выдаваемых на основании судебных решений, определений по гражданским и административным делам, предписаний и постановлений по делам об административных правонарушениях, приговоров и постановлений по уголовным делам в части имущественных взысканий, а также постановлений иных органов в соответствии с настоящим Законом.

Поэтому по делам указанной категории суду необходимо в обязательном порядке выяснять, соблюдены ли установленные законом сроки обращения заявителя в суд.

# ОСОБЕННОСТИ СУДОПРОИЗВОДСТВА В США



**Кайрат ЕСИБАЕВ,**  
судья  
Специализированного  
межрайонного  
экономического суда  
города Астаны

США ОПИРАЕТСЯ НА ПРЕЦЕДЕНТНУЮ СИСТЕМУ ПРАВА, ЭТО СОВСЕМ ИНОЙ ПОДХОД, ЧЕМ У НАС. ТО ЕСТЬ, В ШТАТАХ РЕШЕНИЕ СУДА ПО СХОЖИМ ОБСТОЯТЕЛЬСТВАМ, ВСТУПИВШЕЕ В ЗАКОННУЮ СИЛУ, ПРИМЕНЯЕТСЯ НАРЯДУ С ЗАКОНОМ. БЫВАЕТ, В КАЧЕСТВЕ ПРЕЦЕДЕНТА ПРИМЕНЯЮТСЯ РЕШЕНИЯ, ВЫНЕСЕННЫЕ БОЛЕЕ 100 ЛЕТ НАЗАД. В ОСНОВНОМ ПРЕЦЕДЕНТОМ ЯВЛЯЕТСЯ АПЕЛЛЯЦИОННОЕ РЕШЕНИЕ.





**Т**ак, на судебных процессах аудио-, видео-запись процессов не ведется. Вместо нее – стенограф и художник, который моментально делает зарисовки участников, фиксируя на бумаге эмоции.

Другой вопрос – рассмотрение дел в вышестоящей инстанции – Верховном Суде США – большая редкость. Ежегодно здесь рассматривают всего около 80 дел. Здесь только девять судей. Каждое дело – уголовное, гражданское, административное – они рассматривают все вместе. Для того, чтобы дело принять к производству, нужны четыре голоса из девяти. Как рассказали нам коллеги-судьи, обычно в Верховный Суд принимают дела, связанные с интересами страны либо очень важные споры, касающиеся судебной практики, споры между штатами.

В США по гражданским делам судья после принятия иска дает 90 дней истцу для того, чтобы последний вручил извещение ответчику о поступлении иска и т.д. Если в указанный срок истец не вручит извещение, судья может оставить иск без рассмотрения либо прекратить, что является препятствием для повторного обращения. Сроки рассмотрения гражданского дела не регламентированы (по гражданским делам прокурор вообще не участвует).

После принятия судья по своей собственной инициативе может направить дело к медиатору, у которого есть около 60 дней для примирения. Здесь заслуживает внимания очень развитая практика досудебного разрешения споров в Америке. К медиаторам обращаются даже как к независимым экспертам, чтобы оценить, какое может быть принято решение по делу, поскольку в основном медиацией



занимаются бывшие судьи. Занятие медиацией бывшими судьями, считаю, положительным опытом США. Так как медиация – это фактически и юридически альтернативный судебному способ разрешения спора, что требует не меньшего профессионализма и ответственности в процедуре медиации.

Медиатор может готовить проект будущего судебного решения, если стороны не пришли к примирению, и может направить этот проект в суд. Это способствует объективному пониманию сложившейся ситуации всеми сторонами, искореняет неоправданное обращение в суд.

Практика США показывает, 90 процентов направленных дел в суды заканчиваются примирением сторон у медиаторов.

В США судиться очень дорого, к примеру, по делу о расторжении брака гонорар адвоката составляет порядка от пяти тысяч долларов. Гражданин, как правило, не может подать иск без адвоката.

Дороговизна затрат на суд заставляет граждан искать внесудебные способы урегулирования конфликтов. Мириться дешевле, чем судиться – принцип работает.

# ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:  
**75849**

Қазақстан Республикасының Ақпарат және  
қоғамдық даму министрлігінде тіркелген  
Куәлік №KZ79VPY00081542,  
2023 жыл, 9 қараша

Жарияланған мақала авторларының  
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе  
бермеуі мүмкін

## ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛАДЫ;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ КЕРЕК;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

## РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.  
Телефондар: +7 702 468 0208, +7 708 929 9874

Теруге 10.08.2024 ж. жіберілді. Басуға 19.08.2024 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 8. Таралым 1360.  
Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік  
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,  
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,  
Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

# ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

## Жазылу индексі: **75849**

### Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

### Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

### Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны рәсімдеу мәселелері бойынша:

**8 747 995 6347**

Жарнама мәселелері бойынша телефондар:

**+7 708 929 9874**

E-mail: [zanreklama@mail.ru](mailto:zanreklama@mail.ru)

### Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления подписки и издания:

**8 747 995 6347**

Телефоны для рекламы:

**+7 708 929 9874**

E-mail: [zanreklama@mail.ru](mailto:zanreklama@mail.ru)